# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 22 (1285)

05.06.2026

@ alatau.offset@mail.ru

alatau_gazeti

alatau_gazeti


РӘМІЗДЕР КҮНІ

# МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

***4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні. 1992 жылдың дәл осы күні Қазақстанның жаңа Мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. Қазақстанның мемлекеттік рәміздері барша қазақ халқының мәртебесін асқақтатады. Олардың дизайны ерекше, әрі әр қазақ азаматына ұлттық рух пен күш-қайрат береді.***

***Мемлекеттік рәміздерге не жатады? «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы» Заңда басты үш мемлекеттік рәміз ретінде – Ту, Елтаңба және Әнұран деп көрсетілген.***

**МЕМЛЕКЕТТІК ТУ**



ҚР Мемлекеттік туының авторы – Шәкен Ниязбеков. Тудың бүгінгі нұсқасы 1992 жылы өткізілген байқау барысында таңдаған. Қатысушылар арасында Моңғолия, Германия, Түркия, ТМД және т.б. елдердің өкілдері болды.

Тудың қазіргі қолданыстағы нұсқасы – ортасында және сол жағында алтын түсті белгісі бар, көгілдір түсті тікбұрышты мата. Тудың ұзындығы оның енінен екі есе көп. Қазақстанның мемлекеттік туы қандай мағынаны білдіреді? ҚР туы елдің бірлігін, бақуаттылықты, бейбітшілік пен ашық аспанды бейнелейді. Ондағы символдар молшылықты, өркендеуді, әл-ауқат пен қуатты өмірді көрсетеді. Тудың түсі – аспан тектес көгілдір түс. Тудағы мұндай көк түс адалдық, тұрақтылық, сенімділік мен пәктіктің белгісі болды. Ежелгі түркілер аспан түсті күмбезді қадір тұтқан, көк түс үміт деген мағынаны білдіреді. Бұл түс жер жаһандағы барлық адамдар үшін бейбіт, тыныш өмір мен әл-ауқат деген мағынаны білдіреді. Қылқалам шебері Қазақстан аумағында тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың бірлігін бейнелеген. Сонымен бірге аспан түстес туда алтын күн мен бүркіт бейнеленген. Бидай дәні ретінде бейнеленген күн сәулелері молшылық пен тоқшылықты, байлық пен өмірлік қуатты бейнелейді. Ал одан тараған дән тәріздес күн сәулелері бай-қуатты өмір мен өркендеу деген мағынаны білдіреді. Аспан денесі 32 сәулемен қоршалған. Қыран (бүркіт) – Қазақстан туының басты геральдикалық атрибуттарының бірі. Ежелден қыранды билік, ізгілік пен парасаттылықтың символы ретінде қабылдаған. Көшпенділерде бұл құс – еркіндік пен адалдықтың, абырой мен ерліктің, күш-қуат пен тазалықтың белгісі саналған.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБА**




Елтаңба авторлары – Шот-Аман Уәлиханов пен Жандарбек Мәлібеков. Елтаңбадағы белгілер келесідегідей мағынаны білдіреді:

1. Шаңырақ аспан күмбезіне ұқсайды. Еуразиялық көшпенділер үшін бұл өмірдің маңызды элементі болып табылады. Елтаңбадағы шаңырақ – мемлекет ішіндегі бірлікті және Қазақстанда тұратын барлық ұлттар үшін ортақ үй деген мағынаны білдіреді.
2. Қанатты жылқылар (тұлпар) – батырлық, адалдық пен күш-қайратты бейнелейді. Қанаттар – Қазақстан халқының қуатты және гүлденген мемлекет құру туралы арманының символы.
3. Елтаңба авторлары пырақтарға жан бітіріп, олардың бейнелерін мүйіздермен толықтырды. Осылайша, символ әділеттіліктің, даналық пен ар-намыстың, бай-қуатты өмір мен қуаныштың белгісіне айналды.
4. Тұлпарлар алтын масаққа ұқсайды, сол себепті ол қазақстандықтардың еңбексүйгіштігі және олардың материалдық игілікке деген ұмтылысын бейнелейді.
5. Бес бұрышты жұлдыз ежелден – ақиқаттың, асқақ рух пен шексіздікті бейнелейді. Елтаңбадағы жұлдыз әлемнің барлық халықтарымен жасампаздыққа, ынтымақтастыққа және серіктестікке ұмтылысты білдіреді.
6. Елтаңбада қолданылатын негізгі түс – алтын түсті сары түс. Ол - байлық, әділдік пен жомарттықтың белгісі.
7. Елтаңбада сонымен бірге тудағы тәрізді аспан түстес көгілдір түс те бар.

Ол алтын түспен әдемі үйлеседі және ашық аспанды, бейбітшілік пен бай-қуатты өмірді бейнелейді.

**МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАН**

Егемен Қазақстан тарихында Мемлекеттік әнұран екі рет – 1992 жылы және 2006 жылғы 6 қаңтарда бекітілді. Бүгінгі әнұранның сөзін жазғандар Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев, әнін жазған сазгер Шәмші Қалдаяқов. Жаңа әнұран 2006 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Парламентіндегі бірлескен отырыста қабылданды.

Композиция қазақстандықтардың қатысуымен болатын елдегі және шетелдердегі барлық маңызды ресми шараларда шырқалады.


Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Әнұранының мәтіні
Сөзін жазған – Жұмекен НӘЖІМЕДЕНОВ.
Нұрсұлтан Назарбаев
Әнін жазған – Шәмші ҚАЛДАЯҚОВ

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны
Еліме қараншы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!
Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!
Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!
Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Шәмші ҚАЛДАЯҚОВ

Жұмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

"Менің Қазақстаным" әні 2006 жылдың 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұран болып қабылданды

Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері қандай мағынаны білдіреді? Әрбір нышан Қазақстанның ұлты мен шығу тегіне қарамастан, ел азаматтарының еркін біртұтас ұлт екенін көрсетеді. Қазақ елі Туымен тұғырлы, Елтаңбасын қуатты, Әнұранымен айбатты! Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың біртұтас ел екендігінің, тәуелсіздігінің, бай-қуаттылығының, ар-намысы биік, күш-жігері мығым, дамуды көздейтін асқақ мәртебелі ел екендігін білдіретін жарқын белгі.

**Дереккөз: kaz.nur.kz**


# БАСПАСӨЗ - 2026

| *Жазылу бағасы:* | *Цена подписки:* |
| --- | --- |
| **редакция арқылы** 6 айға – 2 106 теңге. | **через редакцию** на 6 месяцев – 2 106 тенге. |
| **«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға** 6 айға – 3 275,48 теңге. | **через «Казпочту» для физических лиц** на 6 месяцев – 3 275,48 тенге. |
| **«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға** 6 айға – 4 462,64 теңге. | **через «Казпочту» для юридических лиц** на 6 месяцев – 4 462,64 тенге. |

Жетісу облысы бойынша жазылу индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534



alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 22 (1285) 05.06.2026 Алатау

# ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ IT-ЛАГЕРЬ ӨТУДЕ

Жетісу облысында «Jetisu Digital» IT-хабының ұйымдастыруымен жастарға арналған төрт күндік жазғы IT-лагерь жұмысын бастады. Бағдарлама мектеп оқушыларына, студенттерге, жас әзірлеушілерге, дизайнерлерге және заманауи технологияларға қызығушылық танытатын жастарға арналған. Лагерь аясында жасанды интеллект, дизайн, медиаконтент жасау және IT-жобаларды әзірлеу бағыттары бойынша практикалық сабақтар өткізілуде. Сонымен қатар қатысушыларға командалық жұмыс пен өзін-өзі дамытуға арналған түрлі белсенділіктер ұсынылған.

Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының мәліметінше, жобаның мақсаты – жастарды цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерімен таныстырып, жасанды интеллектіні тәжірибеде қолдану дағдыларын дамыту және өңірдің технологиялық қауымдастығына тарту. Қазіргі уақытта бағдарлама «AI Bootcamp» практикалық сабақтарымен жалғасып жатыр. Қатысушылар нейрожелілер көмегімен контент жасау, интерфейс дизайнын әзірлеу және IT-жобалардың прототиптерін дайындау бағыттарында білім алуда.

### АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорған қаласында көпбалалы аналарды марапаттау рәсімі өтіп, 15 анаға мемлекеттік наградалар – «Алтын алқа» және «Күміс алқа» табысталды. Марапаттар ана еңбегін дәріптеу және отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында берілді. Салтанатты жиында аналардың қоғамдағы және ұрпақ тәрбиесіндегі ерекше рөлі атап өтілді.

### ТҰРҒЫНДАРДАН ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ ТҮСУДЕ

«Taldyk Summer» жазғы фестивалінің ашылуынан кейін редакцияға қала тұрғындары мен қонақтарынан көптеген оң пікірлер келіп түсуде. Тұрғындар концерттік бағдарламаның сапасына, өнерпаздардың өнеріне және ұйымдастыру жұмыстарына ризашылықтарын білдіруде. Әсіресе, кешкі концерт, жастарға арналған дискотека және мерекелік отшашу көпшіліктің көңілінен шыққан.

Редакцияға хабарласқан тұрғындардың сөзінше, фестивальдің ауқымы кең болып, жағажай аумағына мыңдаған адам жиналған. Көпшілік ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, «Taldyk Summer» жобасы аясында өтетін алдағы іс-шаралардың да осындай жоғары деңгейде жалғасатынына сенім білдіруде.

### САЯЖАЙЛАРДЫ ГАЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Талдықорғанда саяжай аумақтарын газбен қамту мәселелері қала әкімдігінде өткен арнайы жиында қаралды. Кездесуде қала әкімі Ернат Бәзіл саяжай төрағаларымен бірге газдандыру жұмыстарының барысы мен алдағы жоспарларды талқылады. Жиынға жауапты басқарма өкілдері мен мердігер ұйым мамандары қатысып, жобаның орындалу кезеңдері бойынша түсіндірме берілді.

Алайда жиыннан кейін әлеуметтік желіде тұрғындар тарапынан да пікірлер айтылып, әсіресе Қызылтас саяжайындағы газ және жол мәселесі қайта көтерілді. Тұрғындар инфрақұрылымның әлі толық шешілмегенін айтып, нақты мерзімдер мен нәтижелі жұмыстарды күтетінін жеткізді. Олардың айтуынша, қала аумағында тұрса да, әлі күнге дейін отын жағып күнелтуге мәжбүр. Сонымен қатар жол сапасы мен жөндеу жұмыстарының созылып кетуі тұрғындардың наразылығын тудырып отыр. Тұрғындар биліктен уәде емес, нақты іс күтетінін айтады.

### ЖАС ӨНЕРПАЗДАР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткен облыстық XXIV «Жетісу жұлдыздары – 2026» балалар шығармашылығы байқауының қорытындысы шығарылды. Жетісу облысы әкімінің жүлдесі үшін ұйымдастырылған дәстүрлі байқауда талдықорғандық жас дарындар жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Байқау қорытындысы бойынша Талдықорған қаласының «Өрнек» би ансамблі Бас жүлдені жеңіп алды. Сонымен қатар «Алтын дән» халықтық би ансамблі I орын, «Туған тел» халықтық би ансамблі III орын иеленсе, «Айгөлек» үлгілі ән-би ансамблі арнайы жүлдемен марапатталды.

Жеке орындаушылар арасында Қанатбаев Диас пен Тохтархан Бекжан I орынға ие болса, Асхатқызы Алуа мен Алмасқызы Кәусар II орын алды. Сондай-ақ Есетов Алинұр III орын иеленіп, Тен Тамина мен Абайқызы Аяла арнайы жүлдеге лайық деп танылды.

Бұдан бөлек, Алматы қаласында өткен «Танцуй всей душой» халықаралық байқауында «Контраст» және «Алтын дән» ансамбльдері Супер Гран-при жүлдесін жеңіп алып, Талдықорғанның мерейін асқақтатты.

### ЖЕТІСУ ЖАСТАРЫ АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНДА БАС ҚОСТЫ

Талдықорған қаласындағы Оқушылар сарайында «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының ұйымдастыруымен «BIR TOLQYNDA» атты жастар кездесуі өтті. Іс-шараға өңірдің белсенді жастары, студенттер, еріктілер мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Кездесу барысында танымал спикерлер жастармен ашық пікір алмасып, табысқа жету жолы, көшбасшылық, кәсіби даму және азаматтық белсенділік тақырыптарында тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ жастардың жаңа бастамаларын қолдау мен олардың қоғамдағы рөлін арттыру мәселелері талқыланды.

### ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫҒА ІЗДЕУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Жетісу облысында заңсыз ұсталды деген мәлімдемесі әлеуметтік желіде тараған әскерге шақырылушыға іздеу жарияланды. Облыстық шақыру комиссиясының мәліметінше, азаматқа 1414 сервисі арқылы әскери комиссариатқа келу жөнінде үш рет хабарлама жолданған. Кейін полиция қызметкерлері оны Кербұлақ аудандық қорғаныс істері бөліміне жеткізіп, медициналық тексеруден өткізген.

Шақырылушы денсаулығына қатысты шағым айтқандықтан, қосымша медициналық тексеруге жіберілген. Алайда тексеруден кейін облыстық жинақтау пунктіне қайтару кезінде ол еріп жүрушілерден қашып кетіп, ізін жасырған. Комиссия өкілдері оның заңсыз ұсталғаны және мерзімді әскери қызметке күштеп жіберілгені туралы ақпаратты жоққа шығарды. Ведомствоның хабарлауынша, оған қатысты әскери қызметке жіберу туралы шешім қабылданбаған, керісінше қосымша медициналық тексерулер ұйымдастырылған. Қазіргі уақытта азаматқа іздеу жарияланып, материалдар ішкі істер органдарына жолданды. Сондай-ақ оған әкімшілік жауапкершілік қарастырылуы мүмкін.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

## 65 ОТБАСЫҒА ҮЙ БЕРІЛДІ



***Талдықорған қаласында әлеуметтік осал санатқа жататын 65 отбасы баспаналы болып, көптен күткен қоныс тойын тойлады. Жаңа пәтер кілттері тұрғындарға салтанатты жағдайда табысталды.***

Қуанышты шараға қатысқан қала әкімі Ернат Бәзіл жаңа қоныс иелерін құттықтап, тұрғын үймен қамту бағытындағы жұмыстардың алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті. Жаңа баспаналар қаланың көрікті әрі жайлы «Береке» коттедж қалашығында орналасқан.

Қала әкімінің айтуынша, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қолдауымен өңірде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып келеді. Соңғы жылдары «Береке» коттедж қалашығындағы тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілген.

Қоныс тойын тойлаған отбасылар үшін бұл күн тек жаңа үйдің кілтін алу ғана емес, жаңа өмірдің бастауына айналды. Тұрғындардың жүзіндегі қуаныш пен ризашылық мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан әлеуметтік қолдаудың нақты нәтижесін айқын көрсетті.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТА ЖҰМЫС ІСТЕГІСІ КЕЛЕТІН ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК

***Өткен аптада елімізде жазғы демалыс уақытында оқушылар мен студенттер жұмыс істей алады деген жаңалық тараған еді. Соған байланысты редакциямызға ата-аналардан «Баламызды жазғы жұмысқа орналастыру үшін қайда жүгінеміз?» деген сауалдар түсуде.***



Талдықорған қаласының «Мансап» орталығы жазғы демалыс кезінде оқушылар мен студенттерді қоғамдық жұмыстарға және «Жасыл ел» бағдарламасына тарту жұмыстарын жүргізіп жатқанын брифинг барысында хабарлаған болатын. Бұл жастардың алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтап, табыс табуына мүмкіндік береді.

Осы мүмкіндікті пайдаланғысы келетін ата-аналар мен жастар Талдықорған қаласының «Мансап» орталығына жүгіне алады. Олардың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабылиса жырау көшесі, 119. Ал тоық ақпаратты білу үшін +7 (728) 232-41-84 байланыс телефонына хабарласып көріңіздер.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**




АҚСУ АУДАНЫ

## 57 ОТБАСЫ ЖАҢА ҚОНЫСҚА ИЕ БОЛДЫ

***Ақсу ауданында тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Аудан орталығы І.Жансүгіров ауылында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға жаңа баспаналардың кілтін табыстау рәсімі өтті.***

Мемлекет басшысының халықтың тұрмыс сапасын арттыру және тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында аудан бойынша жалпы саны 116 тұрғын үй салынған. Оның ішінде 60 пәтерлі тұрғын үй мен 56 жеке тұрғын үй бар. Бүгін осы үйлердің 57-сі баспана кезегінде тұрған отбасыларға берілді.

Сонымен қатар ауданға қызмет ету үшін келген бес дәрігерге қызметтік пәтерлердің кілттері табысталды. Бұл шара денсаулық сақтау саласындағы кадр тапшылығын азайтуға және білікті мамандарды ауылдық жерлерге тартуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

## «БАЛАЛЫҚ ШАҚ МЕКЕНІ»

***Талдықорған қаласының Орталық саябағында «Ауыл» партиясының ұйымдастыруымен балаларға арналған мерекелік шара өтті.***

Акцияның мақсаты – балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, отбасылық құндылықтарды насихаттау және қоғам назарын өскелең ұрпақтың әл-ауқатына аудару.

Шара барысында Жетісу облысы бойынша «Ауыл» партиясының координаторы Сырым Әділұлы:

– *Бұл жоба «ауыл» партиясының ұйымдастыруымен үшінші жыл қатарынан ауылдың тұрмыс-тіршілігін көрсету мақсатында іске асып жатыр. Бұл жобаға кез келген адам қатыса алады, жеңімпаздарға ақшалай сыйлық беріледі,* – деп айтып кетті.



Іс-шара аясында мәдени-танымдық, ойын-сауық бағдарламалары, шығармашылық байқаулар ұйымдастырылды. Балалар өз өнерлерін паш етті, халық ақындарының өлеңдерін жатқа айтты. Бұл шараның белсенді қатысушыларына және байқаулардың жеңімпаздарына түрлі сыйлықтар берілді, түрлі түсті әуе шарлары табысталды. Сонымен қатар «Ауыл нақыштары» фотокөрмесі көрсетілді.

**Аяулым ТАРЫБАЕВА**

# ВЫПЛАТЫ ДЕНЕЖНОЙ КОМПЕНСАЦИИ ЖЕРТВАМ МАССОВЫХ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ



***С 13 июня 2026 года вводится в действие приказ министра труда и социальной защиты населения ,которым внесены изменения в Правила выплаты денежных компенсаций жертвам массовых политических репрессий, сообщает Zakon.kz.***

Граждане, имеющие право на получение денежной компенсации, представляют документ, подтверждающий право на получение денежной компенсации (справка о реабилитации из органов прокуратуры или судебный акт, с указанием периода пребывания в местах, указанных в статье 22 Закона). Дети жертв массовых политических репрессий дополнительно к документам, указанным в настоящем пункте Правил, представляют свидетельство о рождении либо выписку из ЗАГСа.

# БАРАНИНА РЕЗКО ПОДОРОЖАЛА

***На рынках Талдыкоргана в последнее время заметно подорожала баранина: 4200 тенге за килограмм, соответственно, ливер бараньи – вместо 800 тенге и головы бараньи стоившие 1000 тенге, стали продаваться по 2000 тысячи тенге за голову и внутренности за 1 кг.***




С чем это связано? Потребитель все связывает с налогами и прошедшим Курбан айтом, накануне которого подорожал жертвенный скот. Мясо говядины, наоборот, осталась на прежнем уровне, даже чуть-чуть подешевело. За кг – 3400 тенге. Знатоки ссылаются, что это связано с подписанием трехстороннего меморандума о стабилизации цен на говядину по Казахстану. Так это или иначе, куда поползет цена на мясо в будущем? Неизвестно.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

# ПОЧТИ 2,5 ТЫСЯЧИ ЖИТЕЛЕЙ НА СПЕЦУЧЕТЕ ПОЛИЦИИ ИЗ-ЗА АЛКОГОЛЯ И НАРКОТИКОВ



***В области Жетісу почти 2,5 тысячи человек состоят на профилактическом учете полиции из-за алкогольной и наркотической зависимости, передаёт tinfo.kz.***

В области Жетісу почти 2,5 тысячи человек состоят на профилактическом учете в органах внутренних дел. Из них 2257 граждан имеют хроническую алкогольную зависимость, а 232 человека употребляют наркотические вещества. Об этом сообщили в региональной полиции, подчеркнув, что главная задача – предупреждение правонарушений и оказание помощи людям из группы риска. Профилактическая деятельность ведется совместно с медицинскими учреждениями, местными исполнительными органами и другими профильными службами. Такой комплексный подход позволяет своевременно выявлять проблемы и снижать риск повторных нарушений закона, добавили в полиции.

# ВЫНЕСЕН ПРИГОВОР ПО ДЕЛУ О СМЕРТЕЛЬНОМ ВЗРЫВЕ В ТАЛДЫКОРГАНЕ

***В Талдыкоргане 51-летнего руководителя газовой компании осудили на 4 года. Мужчину признали виновным по делу о взрыве и пожаре в частном доме, в котором погибли супруги Бекпаевы и их несовершеннолетний сын, передаёт корреспондент Tengrinews.kz.***



Трагедия произошла 31 декабря 2024 года в доме семьи Бекпаевых, расположенном на окраине Талдыкоргана. В то утро с места происшествия в больницы города доставили 7 человек, трое из которых, несмотря на усилия врачей, скончались.

Причиной ЧП стала утечка природного газа из труб, обмотанных скотчем, проходивших рядом с домом.

# КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### В КАЗАХСТАНЕ ПРЕДЛОЖИЛИ ВЕРНУТЬ «ЖОЛПОЛ» ИЗ-ЗА МАССОВОГО ОБМАНА КАМЕР

В Казахстане предлагают вернуть дорожную полицию в ее прежнем виде, а также резко ужесточить наказание для водителей, которые прячут или подменяют госномера. Поводом для этого стала массовая «изобретательность» автомобилистов на платных трассах, передает nur.kz.

Масштабы проблемы впечатляют: только с начала 2026 года на республиканских платных дорогах зафиксировали почти 2 тысячи случаев, когда водители намеренно искажали или скрывали свои госномера. Причем в нацкомпании «КазАвтоЖол» подчеркивают, что это уже не разовые нарушения, а массовая практика. Эксперты отмечают парадокс: чаще всего на оплате проезда экономят владельцы дорожных люксовых автомобилей. И делают они это нередко не ради экономии пары тысяч тенге, а для того, чтобы безнаказанно лихачить и нарушать скоростной режим перед камерами.

### АДМИНИСТРАТИВНАЯ АМНИСТИЯ МОЖЕТ ЗАТРОНУТЬ БОЛЕЕ ОДНОГО МИЛЛИОНА ШТРАФОВ НА СУММУ СВЫШЕ 17 МЛРД ТЕНГЕ

В Казахстане в рамках планируемой административной амнистии могут списать штрафы более чем 500 тысячам граждан. Об этом в кулуарах Мажилиса сообщил заместитель министра внутренних дел РК Санжар Адилов, передает корреспондент BAQ.KZ. Как отметил вице-министр С. Адилов, основная цель административной амнистии – снизить финансовую нагрузку на граждан. Также сообщил, что при реализации амнистии будут использоваться автоматизированные системы. По его словам, амнистия будет применяться к разным административным правонарушениям, поэтому суммы штрафов зависят от конкретной статьи.

### УСИЛИВАЕТСЯ КОНТРОЛЬ ЗА ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ НОТАРИУСОВ

За последние 3 года в отношении нотариальных действий нотариусов было проведено 1499 внеплановых проверок. Об этом сообщило Комитет по регистрации и организации оказания юридических услуг Министерства юстиции, – сообщает BAQ.kz. На сегодняшний день на территории страны работают 4932 нотариуса. По данным уполномоченного органа, 137 нотариусов были привлечены к дисциплинарной ответственности, а действие лицензий 111 нотариусов было временно приостановлено. Кроме того, 16 нотариусов по решению суда лишены права заниматься нотариальной деятельностью. Рассматривается также прайс-лист за услуги нотариуса. В некоторых случаях они сильно завышены доходят до 59 тысяч тенге, хотя работа несложная. Также недалек день, когда услуги нотариусов также будут оцифрованы.

### КАЧЕСТВО НОВОСТРОЕК ВОЗМУТИЛО ТАЛДЫКОРГАНЦЕВ

Новосёлы микрорайона Жастар-3 пожаловались на серьёзные недочёты в домах, где практически сразу после заселения появились сырость и плесень, просадка грунта, трещины, протекающие крыши и негерметичные окна, – передаёт корреспондент TengriHome .

После поднявшегося резонанса ситуацию был вынужден комментировать городской акимат. Власти признали наличие претензий со стороны жителей и заявили о начале проверки. Как выяснилось, Жастар-3 посетил аким Талдыкоргана Ернат Базил. Вместе с членами специально созданной комиссии он осмотрел отдельные дома и встретился с жителями и обещел устранить строительные дефекты.

### 85 БЛИЗНЕЦОВ НА ОДИН ВЫПУСК

Удивительная ситуация в этом году сложилась в Курмангазинском районе Атырауской области: из 625 выпускников школ сразу 85 оказались близнецами, сообщает Orda.kz со ссылкой на AtyrauPress.

Одна из главных особенностей этого года, вызвавшая большой интерес в обществе, то, что подобного выпуска здесь ещё не было. Больше всего близнецов обучались в школах имени Енбекши, Муханова, Нурпеисовой и Мусрепова. Часть из них – выпускники девятых классов. Несколько лет назад в Курмангазинском районе проводили мероприятие «Парад близнецов», в котором приняли участие 48 человек из этой категории, а также одна тройня.

### НОВЫЕ ПОИСКИ СТРАТЕГИЙ БОРЬБЫ

В Жетысуском университете Талдыкоргана прошла международная конференция, где ученые и представители акимата обсудили новые стратегии борьбы с лудоманией – передает служба новостей tinfo.kz

Ученые, представители акимата области Жетісу и правоохранительных органов обсудили новые стратегии противодействия игровой зависимости, которая стала одной из главных социальных проблем региона. Мероприятие собрало отечественных и зарубежных экспертов. Участники конференции представили научные монографии и договорились о выработке новых подходов для защиты молодежи от игровой зависимости.

**(Все материалы взяты из открытых источников)**

***Жетісу өңірінде отбасы құндылықтарын дәріптейтін ең беделді жобалардың бірі – «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына өтінім қабылдау науқаны басталды. Биыл да еңбекқорлығымен, бірлігімен, қоғамдық белсенділігімен көпке үлгі болған отбасылар бақ сынамақ.***

# ҮЛГІЛІ ОТБАСЫ АНЫҚТАЛАДЫ

Осыған орай, Журналистер үйінде брифинг өтіп, байқауды ұйымдастыру мәселелері кеңінен талқыланды. Жиын барысында Жетісу облысының «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Арыстанғали Қадырұлы мен облыстық Ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Жанерке Бейбітқызы конкурсқа қатысты маңызды ақпараттармен бөлісті.

Спикерлердің айтуынша, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының негізгі мақсаты – отбасы институтын нығайту, адамгершілік пен рухани құндылықтарды дәріптеу, ата-аналық мәдениетті қалыптастыру және қоғамдағы отбасы мәртебесін арттыру.

Өткен жылы Жетісу облысында байқаудың облыстық кезеңіне 415 өтінім қабылданған. Оның ішінде 163 отбасы өзін-өзі ұсынса, 252 өтінім жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың ұсынысы негізінде түскен. Іріктеу нәтижесінде облыстық кезеңге өткен 30 отбасының арасынан үздіктер анықталып, қаржылай сыйлықтармен марапатталған. Ал Ескелді ауданынан қатысқан Бектеновтар отбасы республикалық кезеңде өңір намысын қорғап, ұлттық конкурстың лауреаты атанған еді.

Биыл облыстық кезеңді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен 9,5 миллион теңге қарастырылған. Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер 15 мамыр мен 15 маусым аралығында қабылдануда. Қазіргі таңда 73 отбасы құжат тапсырған.

Байқауға еңбекте, спортта, шығармашылықта, ғылымда жоғары жетістіктерге жеткен, сондай-ақ волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық және тәлімгерлік қызметпен айналысатын отбасылар қатыса алады. Өтінімдерді отбасының өзі немесе жергілікті атқарушы органдар мен заңды тұлғалар ұсына алады.

Дегенмен, бұған дейін республикалық деңгейдегі «Мерейлі отбасы» конкурсының лауреаты атанған отбасыларға, сондай-ақ қызметіне Қазақстан аумағында тыйым салынған ұйымдардың мүшелері бар немесе сотталған мүшелері бар отбасыларға конкурсқа қатысуға рұқсат етілмейді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аудандық және қалалық ішкі саясат бөлімдеріне қағаз немесе электрондық форматта 15 маусымға дейін тапсырылуы тиіс. Құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда олар кері қайтарылып, түзетуге мүмкіндік беріледі.

Маусым айының соңына дейін аудандық және қалалық комиссиялар үміткер отбасыларды іріктеп, облыстық кезеңге жолдама береді. Ал шілде айының алғашқы жартысында облыстық комиссия үздік отбасыларды анықтайды. Нәтижесінде үш отбасы қаржылай сыйлықтарға ие болып, жеті отбасы ынталандыру сыйлығымен марапатталады.

Облыстық кезеңнің жеңімпазы «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атанып, қыркүйек айында Отбасы күні қарсаңында Астана қаласында өтетін салтанатты марапаттау рәсіміне қатысады.

Ұйымдастырушылар қоғамға үлгі болатын, бірлігі жарасқан, еңбекқор әрі белсенді отбасыларды байқауға қатысуға шақырады. Себебі берекелі отбасы – берік қоғамның негізі.

# ЖОҢҒАР АЛАТАУЫНЫҢ ТАРИХЫ ЗЕРТТЕЛМЕК

**Жетісу өңірі табиғатымен ғана емес, сан ғасырлық тарихының ізі қалған мұраларымен де ерекшеленеді. Алайда тау шатқалдарында, өзен аңғарларында және биік жайлауларда орналасқан көптеген тарихи нысандар әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Енді осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында ғылыми зерттеу жұмыстары қолға алынбақ.**



Көп жағдайда ұлттық парктер туралы сөз болғанда табиғатты қорғау мәселесі бірінші кезекке шығады. Алайда тау мен орманның, өзен мен жайлаудың арасында адамзат тарихының мыңдаған жылдық ізі жатқанын ескере бермейміз. Жоңғар Алатауы да осындай табиғи әрі тарихи мұра қатар тоғысқан аймақтардың бірі. Бүгінде осы кеңістіктегі археологиялық және киелі нысандарды жүйелі зерттеу қажеттілігі күн тәртібіне шықты.

Осы мәселеге арналған баспасөз мәслихаты Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде өтті. Жиында мамандар 2026-2030 жылдарға жоспарланған ғылыми жоба туралы айтып, оның өңір үшін маңызын түсіндірді.

Жоба аясында ұлттық парк аумағында орналасқан табиғи, тарихи және мәдени мұраларды біртұтас жүйе ретінде қарастыру көзделіп отыр. Бұған дейін өңірде жекелеген зерттеулер жүргізілгенімен, көптеген нысандар толық тіркелмеген, ғылыми сипаттамасы жасалмаған және арнайы қорғау жүйесіне енгізілмеген.

Зерттеудің негізгі бөлігі Сарқан филиалына қарасты Аманбөктер орманшылығы аумағында жүргізіледі. Ғалымдардың назарын аударып отырған өңір Үлкен Айдау мен Сарқан өзендерінің аңғарларын қамтиды. Бұл аумақта көне көш жолдарының іздері, жайлау мәдениетіне қатысты нысандар, ежелгі қорғандар, тасқа қашалған суреттер мен тарихи орындардың кездесетіні жөнінде мәліметтер бар.

Мұражай меңгерушісі Айдана Шатырбаеваның айтуынша, ұлттық парк аумағындағы петроглифтер мен қорғандар өткен дәуірлердің өмір салтын тануға мүмкіндік береді. Жартастардағы бейнелер арқылы ежелгі адамдардың аңшылық кәсібі, дүниетанымы мен табиғатқа көзқарасы жөнінде мәлімет алуға болады. Ал қорғандар көшпелі өркениеттің материалдық мұрасы ретінде ғылыми тұрғыдан ерекше құнды.

Зерттеу тек археологиямен шектелмейді. Жоба аясында табиғи ландшафттар, өзен-көлдер жүйесі, жайлаулар, арасандар мен асулардың тарихи қызметі де қарастырылады. Өйткені көне дәуірдегі адамдардың тіршілігі табиғи ортадан бөлек дамымаған.

Өлкетанушы Қажет Андастың пікірінше, тарихи мұраны қорғау мәселесі бүгін ерекше өзекті болып отыр. Себебі кейбір петроглифтер бүлініп, қорғандар табиғи әсерлердің ықпалында қалып, тарихи соқпақтар уақыт өте көмескілене бастаған. Сондықтан тарихи орындарды анықтап қана қоймай, олардың сақталу жағдайына ғылыми баға беру қажет.

Жоспарланған жұмыстардың нәтижесінде ұлттық парк аумағындағы тарихи және киелі орындардың толық картасы әзірленеді. Сонымен бірге ғылыми деректер базасы қалыптастырылып, оларды қорғау мен тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар жасалады. Бұл мәліметтер кейін экологиялық және танымдық туризмді дамытуда да қолданылуы мүмкін.

Тарих көбіне мұрағат құжаттарында сақталады деген түсінік бар. Алайда оның бір бөлігі жер бедерінде, тасқа қашалған таңбаларда, көне сүрлеулер мен халық жадында өмір сүреді. Сондықтан Жоңғар Алатауында қолға алынған жаңа зерттеу өткеннің белгісін сақтап қалуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болмақ.

# ТЕКЕЛІДЕГІ ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАҒА ҚАТЫСТЫ САУАЛҒА ЖАУАП

**2026 ЖЫЛДЫҢ 22 СӘУІРІНДЕ ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДЫҢ БІРІНДЕ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛЫП, ЭЛЕКТР ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ 19 ЖАСТАҒЫ ЭЛЕКТРИК ҚАЗА ТАПТЫ. АЛДЫН АЛА МӘЛІМЕТТЕРГЕ СӘЙКЕС, ЖАС МАМАН ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУЫНАН КӨЗ ЖҰМҒАН.**

Оқиға бойынша полиция Қылмыстық кодекстің «Еңбек қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, абайсызда адам өліміне әкеп соқтыру» бабымен қылмыстық іс қозғап, тергеу жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі уақытта қайғылы жағдайдың нақты себептері мен оған кінәлі тұлғалар анықталуда.

Редакцияға түскен бейресми ақпараттарға сүйенсек, жөндеу жұмыстары басталар алдында электр қосалқы станциясы толықтай тоқ көзінен ажыратылуы тиіс болған. Алайда бұл талап орындалмаған болуы мүмкін. Егер бұл дерек расталса, еңбек қауіпсіздігі талаптарының өрескел бұзылғанын көрсетуі ықтимал.

Қаза болған жұмысшының отбасына кәсіпорын тарапынан 1 миллион теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілген. Сонымен қатар әріптестері өзара қаражат жинап, тағы 500 мың теңге тапсырған.

Алайда оқиғадан кейін қоғамда жаңа мәселе көтерілді. Инсайдерлік деректерге қарағанда, кәсіпорын басшылығы жұмысшыларға марқұмның шамамен 6 миллион теңге көлеміндегі несиесін өтеуге қосымша қаржылай көмек көрсету жөнінде ұсыныс жасаған. Бұл көмекті жұмысшылардың аталған қосалқы станциядағы атқарған жұмыстары үшін алуға тиіс қаражатын аудару мәселесі талқыланғаны айтылуда.

Осыған байланысты «Алатау» газетінің редакциясы Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті департаментіне ресми сауал жолдаған болатын. Департаменттің 2026 жылғы 4 мамырдағы жауабында жұмыс берушінің қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін материалдық жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 122-бабымен реттелетіні көрсетілген.

Ал жұмыс беруші тарапынан қызметкерге немесе қайтыс болған адамның отбасына көрсетілетін ерікті материалдық көмек мәселесі Еңбек кодексімен реттелмейтіні атап өтілген.

Сондай-ақ өндірістік жарақат алу немесе қызметкердің қайтыс болуы жағдайындағы өтемақылардың көлемі мен тәртібі көбінесе еңбек шарттарында, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің ішкі актілерінде белгіленетіні айтылған. Осыған байланысты еңбек инспекциясы ұйымның кәсіподақ комитетіне жүгінуді ұсынған.

Бұл жауаптан шығатын қорытынды – марқұмның несиесін өтеу үшін қаржы жинау заң жүзінде жұмысшыларға міндеттелмеуі тиіс. Мұндай көмек тек ерікті сипатта болуы қажет. Егер қаражат жұмысшылардың келісімінсіз немесе еңбекақысынан мәжбүрлі түрде ұсталып қалатын болса, бұл еңбек заңнамасының талаптарына қайшы келуі мүмкін.

Қайғылы оқиғаға қатысты тергеу аяқталғаннан кейін ғана еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталу деңгейі мен жауапты тұлғалардың әрекетіне толық құқықтық баға берілмек. Ең бастысы – жас адамның өмірін қиған оқиғадан тиісті сабақ алынып, өндірістегі қауіпсіздік талаптары қатаң сақталуы тиіс. Себебі адам өмірінен қымбат ештеңе жоқ.



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ КОМИТЕТІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ИНСПЕКЦИИ ТРУДА МИНИСТЕРСТВА ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ»

040000, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, тел: (7282) 32 94 32, 32 94 88

040000, область Жетісу, город Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26, тел: (7282) 32 94 32, 32 94 88

04.05.2026 № ЗТ-2026-01862139

Общественно – политическая
Газета «Жетісу»

Департамент комитета государственной инспекции труда по области Жетісу *(далее по тексту - Департамент)*, по Вашему запросу *(№ЗТ-2026-01862139)* от 30 апреля 2026 года сообщает следующее.

Материальная ответственность работодателя за вред, причиненный жизни и *(или)* здоровью работника, рассматривается согласно ст.122 Трудового Кодекса Республики Казахстан *(далее по тексту - Кодекс)*.

Вопрос оказания материально-добровольной помощи со стороны работников, семье пострадавшего не регламентирован Кодексом.

Выплаты компенсационного характера, по производственной травме, смерти работника и т.д., на рабочем месте как правило указываются в трудовых, коллективных договорах и актах работодателя организации. В связи с чем, просим Вас, дополнительно обратиться в профсоюзный комитет организации, где произошел несчастный случай.

**И.о. руководителя департамента** **Е. Дәулетұлы**

*Ч.Абишев*
*8 (7282) 32-94-41*

***P.S. Ашық деректерге сүйенсек, қазір жұмысшысы қайтыс болған Жетісу облыстық «ТАТЭК» кәсіпорнына жаңа басшы тағайындалыпты. Оның аты-жөнін телефон арқылы сұрағанымызда «ТАТЭК» қызметкері айтқысы келмеді... Оқасы жоқ. Журналист ретінде барып танысармыз.***

**Бетті дайындаған: Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ**

# «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ҚОҚЫСТАН ТАЗАРЫП ҚАЛДЫҚ. АЛАЙДА...

**Баян ТАҢАТАРОВА**
*«Алатау»*

***...ТАБИҒАТЫ ӘСЕМ ЖЕТІСУ ЖЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ТОҚТАЛАР БОЛСАҚ, «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ШАРУАЛАРДЫ АУЫЗ ТОЛТЫРЫП АЙТУҒА БОЛАДЫ. ОБЛЫСТЫҚ ЖЕТІСУ ЭКОЛОГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ МЫНАДАЙ ДЕП КӨРСЕТІЛГЕН ДЕПАРТАМЕНТТІҢ САЙТЫНДА: АКЦИЯ НӘТИЖЕСІНДЕ – 7,6 ТОННА ҚАЛДЫҚ ЖИНАЛДЫ. 18,7 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ТАЗАРТЫЛДЫ. 700 АҒАШ ПЕН КӨШЕТТЕР ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ. ЕРІКТІЛЕР, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫ ҚОСҚАНДА 68 МЫҢ АДАМ АКЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ.***

Бұл сандарды біз тек облыс орталығының көрсеткіші деп түсіндік. Ал облыстың аудандарын алғанда бұл көрсеткіш, әрине, ауқымды. Сонымен,



біз акцияның арқасында тазарып қалдық деуге болады.

Ал енді облыстық Экология департаментінің тікелей атқаратын жұмысына келсек, ол әрине, қоқыс жинаумен бітпейтіні анық. Департаменттің бірінші кезектегі жұмысы -

### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН ҚОРҒАУ

Бұл салада не істеліну жатыр? Мысалы, Текелідегі қорғасынды қалдықтар жиналған төбе мен 1958 жылы ашылған Панфилов ауданындағы Жаркенттен 40 шақырымда орналасқан уран кен орны біраз жыл істеп, кеңес кезінде-ақ жабылып қалған. Ол нысанның шахталары ашық күйде қалғандықтан авариялық тұрғыда да, радиациялық жағынан да экологиялық нысан ретінде қауіпті болып саналады. Экологтар мен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер бұл жерде радиацияның тиісті нормадан 7 есе артық екенін көрсеткен. Уран кен орны жабылып қалған соң, үкімет нысанның қауіпті шахталарына кіретін жерлерді цементпен бекітіп, адамдардың, малдың сол төңірекке баруына тосқауыл салған. Қазіргідей емес, ол жылдары уранды ашық түрде өндіргендіктен, Панфилов уран кен орны толықтай жойылуы тиіс. Ол жұмыс жасалды ма, жоқ па? - ол жағын облыстық Экология департаменті білмесе, бізге беймәлім.

Ал Текелідегі айта-айта жауыр болған, яғни мезі болған тақырып қорғасын-мырыш комбинатының зиянды қалдықтары жиналған төбе (орыстар оны «хвостохранилище» дейді) әлі күнге дейін толығымен «консервіленбеген», яғни жабылмаған. Көлемі 70 гектарды алып жатқан зиянды қалдықтар төбесінде 2012 жылы белгілі болғандай, 35 миллион тонна зиянды өндіріс қалдықтары жатыр екен. Жергілікті тұрғындар оны «радиациялық зират» - деп атайды. Жел тұрғанда төбеден көтерілген шаңтозаңның зиянды қалдығымен демаламыз дейді жергілікті тұрғындар.

2020 жылы зиянды қалдықтар төбесін жабуға 660 миллион теңге бөлінген. Төбенің қауіпті жерлерін арнайы топырақпен жауып, топырақтан шаң-тозаң ұшпас үшін бекіту көзделді. Бірақ, жұмыс аяғына дейін жеткізілмеді. Жұмыс барысында техникалық себептер пайда болып, ақыры бұл жоба орта жолда тоқтап қалған. Десе де сол зиянды қалдықтарды қайта өңдеуге болады деген ұсыныстар да бар екен. Оның бәрі әлі зерттелуде дегеннен басқа дерек жоқ. Бірақ, төбе сол қалпында желді күні өзін ұмытпырмай шаңдатып тұр. Бұл туралы облыстық Экология департаментінен нақты мәлімет алу оңай болмады...

### ТҰРМЫСТЫҚ ҚОҚЫСТАР ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЕҢ ҚАУІПТІ

Жылда жүргізілетін космостық «Қазақстан ғарыш сапарының» деректері бойынша Жетісу облысында 140-тан 243-ке дейін рұқсат етілмеген қоқыс қалдықтарын төгетін жер бар екен. Ал ресми деректерге сүйенсек, Жетісу облысында заңды түрде тіркелген 7 ғана қатты тұрмыстық қоқыстар деп са-



*Текелідегі қорғасын-мырыш комбинатының зиянды қалдықтары жиналған төбе (хвостохранилище)*

налатын қоқыс полигоны бар: олар Талдықорғанда, Алакөл, Ескелді, Көксу, Кербұлақ, Қаратал және Панфилов аудандарында ғана. Олардың ішінде 3 полигон ғана (жылына 100 тонна қоқыс сұрыптайтын Талдықорған ком-плексін қосқанда) санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес болып табылады.

Қалған 4 полигон құжаттары толық тіркелмегендіктен жартылай заңды болып есептеледі. 182 алаң аудандардағы уақытша қоқыс алаңы болып есептеледі. Өйткені оларда санитарлық нормаға сәйкестігі толық емес, полигон аумағы қоршалмаған және қоқыс салмағын



өлшейтін бақылау жабдығы жоқ. Ақсу, Сарқан аудандары мен Текелі қалаларында қоқыс полигондары талапқа сай емес. Сондықтан қоқыс шығару логистикасында қайшылықтар кездеседі. Облыс прокуратурасы рұқсатсыз жұмыс жасап жатқан ондаған ауылдық полигонды анықтап, жауапқа тартып жатады.

Мысалы Алакөл, Сарқан және Көксу аудандарының 49 ауылында қоқысты экологиялық рұқсатсыз жинаған. Қоқыс жөнінде толып жатқан сұрақтарымызды облыс экологтарына қоюды кейінге қалдыруға тура келді. Өйткені олар «Алатау» газетінің журналисінен осылай жасауды өтінген.



### ЖЕТІСУДЫҢ 7 ӨЗЕНІ МЕН ЕКІ КӨЛІНІҢ ТАЗАЛЫҒЫ

Жетісудың бас өзендері (Іле, Қаратал, Лепсі, Ақсу, Көксу, Басқан, Бүйен) мен олардың салаларын қорғау және экологиялық теңгерімін сақтау жұмыстары арнайы мемлекеттік бағдарламалар, «7 OZEN» эко-акциялары, су қорғау аймақтарын белгілеу және қатаң инспекциялық тексерістер арқылы жүзеге асырылуда.

Бұл бағытта атқарылып жатқан негізгі іс-шаралар мен бақылау тетіктері төмендегідей топтастырылған:

1. «7 OZEN» және «Таза Қазақстан» эко-бастамалары. Өңірдегі су көздерін тұрмыстық қалдықтардан тазарту үшін тұрақты түрде ауқымды акциялар ұйымдастырылады. Жағалауларды жаппай тазарту. Әр сенбі сайын аймақтағы ірі өзендердің (мысалы, Көксу, Қаратал, Іле) бойында мыңдаған еріктілер, жастар мен коммуналдық қызметкерлер тазалық жұмыстарын жүргізеді. Бір ғана Іле өзенінің арнасынан бір күнде 25 тоннадан астам қоқыс шығарылған деректер бар. Жасыл белдеу құру: Өзен жағалауларына топырақты эрозиядан қорғау және су деңгейін сақтау мақсатында мыңдаған ағаш көшеттері (тал, терек) отырғызылады.

2. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату. Мемлекеттік деңгейде өзендердің заңсыз шаруашылық мақсатта пайдаланылуын шектеу шаралары қолға алынған. Құрылыс пен мал жаюға тыйым салу. Өзендердің бойында арнайы су қорғау белдеулері белгіленіп, оған жақын жерде заңсыз нысандар салуға, лас су ағызуға және мал жаюға шектеу қойылады. Заңсыз карьерлермен күрес: Қаратал және өзге де өзен арналарынан құм, қиыршық тасты заңсыз қазып алатын «қара қазушыларға» қарсы рейдтер өткізіліп, су түбінің зақымдануы қадағаланады.

3. Биологиялық әртүрлілікті сақтау және уылдырық шашу кезеңін қорғау. Өзен экожүйесінің маңызды бөлігі — оның балық қоры. Балық аулауға тыйым салу. Жыл сайынғы уылдырық шашу кезеңінде (көктем айларында) өзендер мен Балқаш-Алакөл көлдерінде балық аулауға қатаң шектеу қойылады.

Табиғат қорғау рейдтері. Табиғат қорғау полициясы мен Экология департаменті заңсыз аң мен балық, құс аулау мен браконьерлікке қарсы тексерістер жүргізеді (ереже бұзушыларға қатысты қылмыстық және әкімшілік істер қозғалады). Өзендерді ластаған кәсіпорындарға миллиондаған теңге айыппұлдар салынады.

4. Трансшекаралық бақылау (Іле өзені). Ең ірі өзен — Іле Қытай аумағынан бастау алатындықтан, оның су деңгейі мен тазалығын сақтау трансшекаралық деңгейде шешіледі. Қазақстан мен ҚХР арасындағы су бөлінісі және Балқаш көлінің тартылып кетпеуін қамтамасыз ету мәліметтері халықаралық комиссиялар аясында талқыланып отырады.

**РЕДАКЦИЯДАН:**

***Жетісудың экологиясы туралы сұрақтарымызға жауапты бірбіріне сілтеп, ақыры жауапсыз қалдырған Жетісу облыстық Экология департаментінің «жүрдім-бардым» жауабына қарап біраз ойға қалдық... Оқырмандарымыздың кейбір сын-ескертпелерін экологтарға жеткізу мақсатымен барған сапарымыз, өкінішке қарай, сәтсіз болып шықты. Мысалы, облыс орталығының Коммуналдық базар төңірегіндегі көрінісі мен Қаратал өзенінің жағасына төгілген қоқыстың орнын жайпау ма, әлде тазалау ма? – деген сияқты көптеген сұрақ ашық қалды. Сондықтан экологтар күні - 5 маусымда тұрғындарға Жетісу экологиясы туралы жалпы ақпарат беруге Информ.кз. деректерін пайдаланылғанын ескертеміз. (inform.kz)***

## Дүйсенбі - Понедельник, 8 маусым

### ХАБАР

05.00, 01.00 Т/с «Временно не доступен»
07.00 «Оян»
09.00 «Көзқарас»
09.30 «Әлеумет»
10.00 «Эшрефтің арманы»
12.00 Cover show
14.00 «Турбозавры»
15.00 Х/ф«Доброе утро»
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.00 Кино «Менің үйім қайда?»
21.30 Cover show
22.00 «КешREC»
23.00 Х/ф«Вторжение: Битва за рай»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.25 «Жаңалықтар»
07.35 «Көреміз шоу»
08.35 «Новости»
08.50 «Жить здорово!»
09.45 Жаңалықтар
10.00 «Модный приговор»
10.50 Новости
11.05 «Давай поженимся!»
12.05 «Зовите Ермолова!-2»
13.15 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 Qoslike
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Көреміз шоу
20.00 «Главные новости»
20.35 «Улицы разбитых фонарей-14»
01.00 «Главные новости»
01.45 «Потеряная жизнь»
02.50 «Басты жаңалықтар»
03.15 Қаймақ бағдарламасы
03.45 «Паутина»

### КТК

07.05 «әнім сен едің»
08.50 «Өмір-сынақ» отандық Т/х
10.30 «Последнее лето».
12.20 «Реальная мистика»
16.30 «дворняжка ляля»
18.30 Т/с «однажды в чукурова»
20.30 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 Т/с «клан ювелиров»
23.40 Т/с «Пустые города»
01.40 Т/с «дворняжка ляля»
03.10 «Последнее лето»
04.45 «Өмір-сынақ»(қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.05 «Ұлт ұяты»
10.00 «Угәгәй melody»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.00 «Бір шәугім шай»
11.30 «Күлкі қоржын»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.05 «Әсем әуен»
13.05 «Единый народ»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Жетісу әуендері»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «IT және Кәсіп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Менің кумирім»
22.40 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00.04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.10 Ермек Шынболатов «Адал алаяқтар»
09.00 М/с«Аватар Легенда об Аанге»
09.30 М/с«Губка Боб»
10.10 М/с «Пингвины Мадагаскара»
11.00 М/с «Кунг-фу Панда»
11.30 «Семейка Аддамс-2»
13.20 «Дивергент-3: за стеной»
17.30 Х/ф«Плохие парни»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф «Морской Пехотинец-5: Поле битвы»
22.50 Х/ф«Не дыши»
00.50 «31 әзіл» ойын сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

### 7 КАНАЛ

06.02 «Тойхана»
06.22 «Ауыл дәрігері»
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
09.00, 23.30 «Тәуіп Хо Жун»
10.00,17.00,18.30,01.40 ТелеТ/с
11.00, 16.00 «Пингвиненок пороро»
13.00 «Қайсар жүрек»
14.00 «Тақиясыз періште»
16.30 «Ну погоди»
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
19.30 Новости прямой эфир
20.00 Т/с «ветреный»
21.00 Т/с «далекий город»
01.00, 05.00 Жаңалықтар
01.20.05.25 Новости
02.40 Гүл-гүл шоу
03.20 Жарқыраған жұлдыз
04.10 Жұлдызды шаңырақта

## Сейсенбі - Вторник, 9 маусым

### ХАБАР

05.00,00.40 «Временно недоступен»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер жаһан
09.15 Пульс планеты
09.30 «Народный контроль»
10.00, 20.00 Т/х «Эшрефтің арманы»
12.00 Т/х «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Турбозаврьі»
15.00 Х/ф «Вторжение:Битва за рай»
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Любой проблеманы шешеміз»
31.30 «Ковер шоу»
22.00 «КешREC»
23.00 «Слишком крута для тебя» Х/ф

### ЕВРАЗИЯ

6.00 Паутина
7.25 Жаңалықтар
7.30 «Koremiz- шоу»
8.30 Новости
8.45 «Жить здорово!»
9.40 Жаңалықтар
9.55 «Модный приговор»
10.45 Новости
10.55 «Давай поженимся!»
11.55 «Зовите Ермолова» Т/с
13.05 «Принц Сибири» Т/с
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 Қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 Көреміз шоу
20.00 «Главные новости»
20.35 Т/с «Улицы разбитых фонарей-14»
01.05 Главные новости
01.45 «Потерянная жизнь»
2.50 Басты жаңалықтар
3.15 «Ойнамақ»
3.45 Паутина

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
7.30 «Әнім сен едің»
8.20 «Өмір-сынақ» Т/х
9.50 Вечерние новости
10.30 Т/с «Последнее лето»
12.20 Т/с «Пустые города»
14.30 Т/с «Клан ювелиров»
16.30 Т/с «Дворняжка Ляля»
18.30 «Однажды в Чукурова» Т/с
20.30Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Клан ювелиров»
23.40 Т/с «Пустые города»
01.40 Т/с «Дворняжка Ляля»
03.10 Т/с «Последнее лето»
04.45 «Өмір-сынақ» Т/х(қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар(қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.35 К/ф «Біздің үйдің квартиранттары» 1-бөлім
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.25 К/ф «Менің кумирім»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 «Әсем әуен»
20.05 Д/ф «Паутина»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жолбарыс»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Аналар күні»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

### 31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информ бюро(каз,рус)
08.00, 00.40 «31 әзіл»
09.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»
09.30 М/с «Губка Боб»
10.20 М/с«Пингвины Мадагаскара»
11.10 М/с«Кунг-фу Панда»
12.00 «Завтра не умрет никогда»
14.30 «Плохие парни»
17.00 «Плохие парни-2»
21.00 «Морской пехотинец-6»
22.40 «Не дыши -2»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Бала батл
05.00 «What's up?» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

06.02 «Тойхана»
06.22 «Ауыл дәрігері»
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
09.00,23.30 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
10.00, 17.00, 18.30, 01.40 ТелеТ/с
13.00 «Қайсар жүрек» Т/х
14.00 «Тақиясыз періште» Т/х
16.30 «Ну, погоди!» М/сл
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
19.30 Новости прямой эфир
20.00 «Ветренный» Т/с
21.00 «Далекий город» Т/с
00.50, 05.00 Жаңалықтар
1.15, 05.25 Новости
2.40 Гүл-гүл шоу
3.20 «Жарқыраған жұлдыз»
04.10 Жұлдызды шаңырақта

## Сәрсенбі - Среда, 10 маусым

### ХАБАР

05.00, 00.45 Т/х «Временно недоступен»
07.00 «Оян!»
09.00 «Жер жаһан»
09.15 Пульс планеты
09.30 «Біздің назарда»
10.00Т/х «Эшрефтің арманы»
12.00 Т/х «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Турбозавры»
15.20 Х/ф «Слишком крута для тебя»
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Воришки»
21.30 Сборник «Ковер шоу»
22.00 Кешрек
23.00 «Отпетые мошенницы»

### ЕВРАЗИЯ

6.00 Паутина
7.25 Жаңалықтар
7.30 «Koremiz- шоу»
8.30 Новости
8.45 «Жить здорово!»
9.40 Жаңалықтар
9.55 «Модный приговор»
10.45 Новости
10.55 «Давай поженимся!»
11.55 «Зовите Ермолова-2» Т/с
13.05 «Принц Сибири» Т/с
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 Қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 Көреміз шоу
20.00 «Главные новости»
20.35 Т/с «Улицы разбитых фонарей-14»
01.05 Главные новости
01.45 «Потерянная жизнь»
2.50 Басты жаңалықтар
3.15 «Ойнамақ»
3.45 Паутина

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар(қайталау)
7.30 «Әнім сен едің»
8.20 «Өмір-сынақ» Т/х
9.50 Вечерние новости
10.30 Т/с «Последнее лето»
12.20 Т/с «Пустые города»
14.30 Т/с «Клан ювелиров»
16.30 Т/с «Дворняжка Ляля»
18.30 «Однажды в Чукурова» Т/с
20.30Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Клан ювелиров»
23.40 Т/с «Пустые города»
01.40 Т/с «Дворняжка Ляля»
03.10 Т/с «Последнее лето»
04.45 «Өмір-сынақ» Т/х (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар(қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.35 К/ф «Біздің үйдің квартиранттары» 2-бөлім
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Аналар күні»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Несібе»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «После огня»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Мектеп президенті»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

### 31 КАНАЛ

06.00,04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информ бюро(каз,рус)
08.00,03.00 Тикток шоу
08.30 М/с«Аватар: Легенда об Аанге»
09.00 М/с«Губка Боб»
09.30 М/с«Пингвины Мадагаскара»
10.20 М/с«Кунг-фу Панда»
10.50 «Семейка Аддамс-2»
12.40 «Стюарт Литтл»
14.30 «Плохие парни-2»
17.30 «Плохие парни навсегда»
21.00 «Ларго Винч: Начало»
23.10 «Морской пехотинец-5: Поле битвы»
01.10 «31 әзіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.20,05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Бала батл

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Тойхана»
06.22 «Ауыл дәрігері»
07.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
09.00, 23.30 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
10.00, 17.00, 18.30, 02.15 Т/с
11.00, 16.00 «Пингвиненок Пороро» М/с
13.00 «Қайсар жүрек» Т/х
14.00 «Тақиясыз періште» Т/х
16.30 «Ну, погоди!» М/сл
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
20.00 «Ветренный» Т/с
21.00 «Далекий город» Т/с
00.45 Шымкент-шоу
03.15 Гүл-гүл шоу
04.05 Әйгерім Сейфолланың сырласу
04.55 Жұлдызды шаңырақта
05.25 Қызықты weekend

# ОЧЕРЕДЬ. ИПОТЕКА. СУБСИДИЯ

## Какие льготные жилищные программы работают в Казахстане

***КОМУ ДОСТУПНЫ СУБСИДИИ, АРЕНДНЫЕ КВАРТИРЫ И ЛЬГОТНАЯ ИПОТЕКА, И ПОЧЕМУ ОЖИДАНИЕ ЖИЛЬЯ МОЖЕТ ЗАТЯНУТЬСЯ НА ГОДЫ. МНОГИЕ КАЗАХСТАНЦЫ, ГОВОРЯ О «БЕСПЛАТНОМ ЖИЛЬЕ ОТ ГОСУДАРСТВА», ПРЕДСТАВЛЯЮТ СЕБЕ КВАРТИРУ, КОТОРУЮ МОЖНО ПОЛУЧИТЬ БЕЗ ОСОБЫХ ЗАТРАТ. ОДНАКО НА ПРАКТИКЕ СИСТЕМА ГОСПОДДЕРЖКИ УСТРОЕНА ГОРАЗДО СЛОЖНЕЕ. ГОСУДАРСТВО ДЕЙСТВИТЕЛЬНО ПОМОГАЕТ ГРАЖДАНАМ РЕШАТЬ ЖИЛИЩНЫЙ ВОПРОС, НО ЧАЩЕ ВСЕГО РЕЧЬ ИДЁТ НЕ О БЕЗВОЗМЕЗДНОЙ ПЕРЕДАЧЕ НЕДВИЖИМОСТИ, А О РАЗЛИЧНЫХ МЕХАНИЗМАХ ПОДДЕРЖКИ: ЛЬГОТНОЙ ИПОТЕКЕ, СУБСИДИРОВАНИИ АРЕНДНОЙ ПЛАТЫ, ПРЕДОСТАВЛЕНИИ АРЕНДНОГО ЖИЛЬЯ ОТ АКИМАТОВ ИЛИ СПЕЦИАЛЬНЫХ ЖИЛИЩНЫХ ПРОГРАММАХ ДЛЯ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ ГРАЖДАН.***

Проблема доступного жилья остаётся одной из самых актуальных для казахстанцев. Рост цен на недвижимость, высокие первоначальные взносы и требования банков делают покупку квартиры недоступной для многих семей. Поэтому государственные программы становятся для части граждан единственной возможностью улучшить жилищные условия. Вокруг таких мер поддержки по прежнему существует немало мифов и недопонимания: не все знают, кто может рассчитывать на помощь, как формируется очередь и почему ожидание квартиры иногда занимает годы.

У каждого вида поддержки – свои условия, ограничения и порядок оформления. Чтобы претендовать на помощь, необходимо подтвердить статус нуждающегося, зарегистрироваться в системе учёта и соответствовать установленным критериям. Кроме того, многое зависит от категории заявителя, региона проживания и наличия финансирования.

Разбираемся, кто именно может претендовать на государственное жильё, какие варианты поддержки существуют и как подать заявку, чтобы повысить шансы на получение квартиры.

**№1. Субсидия на аренду**

Один из вариантов поддержки – субсидии на аренду. В этом случае государство покрывает половину стоимости жилья, вторую часть оплачивает сам арендатор. Например, если квартира стоит 200 тысяч тенге в месяц, 100 тысяч из них будет выплачивать государство.

**Однако такая помощь доступна не всем. Подать заявку могут только:**

многодетные семьи;

дети-сироты;

люди с инвалидностью I и II группы;

семьи, воспитывающие детей с инвалидностью.

Также есть определённые требования по доходу: средний доход на одного человека за последние полгода не должен превышать прожиточный минимум (50 851 тенге).

Жильё при этом нужно искать самостоятельно – например, на сайтах объявлений. После этого оформляется трёхсторонний договор между арендатором, собственником и Отбасы банком.

Есть ограничения и по стоимости, и по площади жилья. Если аренда дороже установленного лимита, разницу придётся доплачивать арендующему. Сам лимит определяется индивидуально.

**Важно: снимать квартиру у родственников или бывших супругов нельзя.**

Подать заявку на субсидию можно в любое время через сайт otbasybank.kz.

**№2. Аренда жилья**

Ещё один вариант – арендное жильё от государства. Его предоставляют в долгосрочную аренду, то есть жить в квартире можно пожизненно, если соблюдать условия. Договор при этом продлевают каждые пять лет, а право проживания может перейти по наследству.

Арендная плата здесь намного ниже рыночной – обычно около 15–20 тысяч тенге в месяц. При этом коммунальные услуги оплачиваются арендатором отдельно.

Но и здесь есть ограничения по доходу: средний доход на одного человека за последние полгода не должен превышать:

2 прожиточных минимума (101 702 тенге), если в семье три человека и больше;

3,5 прожиточного минимума (177 978 тенге), если человек живёт один или вдвоём.

Само жильё строят на деньги, выделяемые акиматами, или выкупают квартиры у застройщиков, после чего передают в аренду через систему Отбасы банка. Иногда такие квартиры можно выкупить в последующем, но это уже зависит от решения местных властей.

**Важно: квартиры распределяются по мере появления в конкретном регионе. Когда подходит очередь, человеку приходит уведомление от Отбасы банка. Но ожидание может затянуться и на годы, особенно в крупных городах.**

Ранее программа арендного жилья без права выкупа действовала и для





работающей молодёжи, но с 27 марта 2026 года её упразднили.

**№3. Льготная ипотека: три варианта с разными условиями**

У очередников есть возможность купить жильё через льготную ипотеку, при этом можно выбрать самый подходящий и удобный вариант.

**Например, ипотека под 2%. Она самая доступная, но и ограничений здесь немало. Например, на неё могут претендовать только шесть категорий казахстанцев:**

ветераны,

люди с инвалидностью,

дети-сироты,

многодетные семьи,

семьи с детьми с инвалидностью,

вдовы и вдовцы.

При этом средний доход на человека не должен превышать пять прожиточных минимумов (254 550 тенге). Также обязательно нужно иметь депозит в Отбасы банке, на котором будет сумма первоначального взноса в размере 10%.

Ипотеку под 5% могут оформить все очередники из социально уязвимых категорий. Требование по доходу здесь выше: не более шести прожиточных минимумов (305 106 тенге на человека). Но условия по депозиту и первоначальному взносу такие же – нужно накопить минимум 10%.

В обоих случаях важно отслеживать старт приёма заявок самостоятельно, он зависит от наличия жилья. Очередь может двигаться медленно, ожидание иногда растягивается на несколько лет.

Ипотека под 7-9%, известная как «Наурыз» – самая распространённая программа. В ней могут участвовать не только очередники, но и все вкладчики Отбасы банка. Ставка зависит от статуса: 7% – для социально уязвимых, 9% – для остальных.

Чтобы подать заявку, нужно иметь депозит с накоплениями не меньше 2 млн тенге. Эти деньги идут на первоначальный взнос: от 10% для квартир с ремонтом и от 20% – если жильё в черновой отделке.

Максимальная сумма займа – до 36 млн тенге для Астаны и Алматы и до 30 млн для других городов.

Отбор проходит по балльной системе: учитываются накопления, наличие семьи и детей, возраст (преимущество у участников до 35 лет), а также социальный статус.

**Важно: заявки на «Наурыз» принимают раз в год, обычно в марте.**

**№4. Жилищные сертификаты**

Жилищный сертификат – это разовая помощь от государства, которая покрывает часть первоначального взноса по ипотеке. То есть деньги дают не на руки, а чтобы облегчить покупку жилья через кредит.

Выдают такие сертификаты акиматы – и только в пределах бюджета. Если деньги на год заканчиваются, приём заявок могут остановить.

**Сертификаты бывают двух видов:**

как социальная помощь – её не нужно возвращать;

как бюджетный кредит – его выдают под 0,01% годовых на срок до 15 лет.

При этом если доход на одного человека за последние полгода не превышает трёх прожиточных минимумов, то можно рассчитывать на безвозмездную помощь. Если выше – предложат вариант с возвратом денег в виде льготного кредита.

Подать заявку можно через портал электронного правительства eGov.kz или в центре обслуживания населения (ЦОН). Решение принимают быстро – обычно в течение трёх рабочих дней.

**Важно: сертификат работает только как дополнение к ипотеке и действует в том регионе, где человек стоит в очереди на жильё.**

**№5. Кто может встать в очередь на жильё**

Встать в очередь может любой человек, соответствующий сразу трём условиям:

Если является гражданином Казахстана или кандасом.

Не имеет жилья последние пять лет (это касается и супруга (супруги), и детей до 18 лет) или если единственное жильё, которое у него есть, признали аварийным.

Есть постоянная прописка. В Алматы, Астане и Шымкенте – не менее трёх лет, в остальных городах срок прописки не играет роли.

**Важно: нельзя встать в очередь на жильё в других регионах, это делается только по месту прописки. Например, если человек прописан в Таразе, квартиру ему предоставят именно в этом регионе.**

**№6. Как встать в очередь**

Чтобы встать в очередь на получение жилья, нужно только подать заявление. Для этого нужно воспользоваться ноутбуком или компьютером: зайти на сайт orken.otbasybank.kz и авторизоваться с помощью электронной цифровой подписи (ЭЦП).

Дальше нужно дождаться решения. Обычно услугу оказывают в течение одного рабочего дня. Если прикрепляют документы, как акт об аварийности жилья, придётся ждать около трёх дней.

Затем придёт сообщение всем членам семьи и самому человеку, который отправил заявку. В SMS нужно ответить «да», для того чтобы дать согласие на обработку данных. Без этого заявку на очередь не примут.

Важно знать: заявки можно подавать в любой день и любое время, но рассматривают их только по будням.

**№7. Почему могут снять с очереди**

Случается, когда очередник, встав в очередь, так и не получил заветной квартиры. Это происходит, если очередь замораживают.

**Причины бывают разными:**

если выяснилось, что человек больше не считается нуждающимся;

при переезде в другой регион;

при увольнении из государственного учреждения или предприятия;

если ранее уже получил жильё от государства;

если при регистрации были предоставлены недостоверные данные;

если заявитель больше не гражданин Казахстана или получил вид на жительство в другой стране.

В случаях, когда заявителя приговорили к пожизненному заключению, он признан без вести пропавшим и в случае смерти – тоже снимают с очереди.

**№8. Как распределяется жильё**

Жильё распределяется по дате постановки в очередь: кто первый откликнулся – тот и получил раньше. **Но при этом есть и приоритетные категории, которые могут получить жильё раньше своей очереди:**

ветераны Великой Отечественной войны (ВОВ);

дети-сироты;

многодетные семьи;

семьи с детьми с инвалидностью;

инвалиды I и II группы;

вдовы или вдовцы.

**Остальные тоже должны вставать в очередь на получение жилья, но они не входят в приоритетные категории:**

госслужащие;

бюджетники;

военные;

кандасы;

люди с тяжёлыми заболеваниями.

**Важно: учителя и врачи тоже должны вставать в очередь для получения жилья, как и казахстанцы с другими профессиями.**

**(Informburo.kz)**

# Алпыс жыл өтсе де өшпеген із



**Алтынбекова Жамал Әлдибекқызы**
**Жамбыл атындағы орта мектептің 1966 жылғы түлегі**
**Талдықорған қаласы**

**АДАМ ӨМІРІНДЕ АРАҒА ҚАНША ЖЫЛ ТҮССЕ ДЕ ЖҮРЕКТЕН ӨШПЕЙТІН БІР МЕКЕН БОЛАДЫ. ОЛ – БАЛАЛЫҚТЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН, АЛҒАШ ӘРІП ТАНЫҒАН, АРМАНҒА ҚАНАТ ҚАҚҚАН АЛТЫН ҰЯ МЕКТЕП. БІЗДІҢ ЖҮРЕГІМІЗДЕ СОНДАЙ ҚАСИЕТТІ ОРЫН БОЛЫП ҚАРАТАЛ АУДАНЫ, ТАСТӨБЕ АУЫЛЫНДАҒЫ ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП МӘҢГІ САҚТАЛЫП КЕЛЕДІ.**

1966 жылы осы білім ордасынан 31 түлек аттестат алып, әрқайсымыз өмірдің үлкен жолына қадам бастық. Ол кезде алда не күтіп тұрғанын толық білмесек те, жүрегімізде арман, көңілімізде үміт, бойымызда ұстаздар сіңірген білім мен тәрбие бар еді. Ата-ана бізге өмірдің алғашқы әліппесін үйретсе, мектеп ұстаздары сол тәрбиені толықтырып, адам болудың, адал еңбек пен елге қызмет етудің мәнін ұқтырды. Олар бізге тек пән





үйреткен жоқ, мінез қалыптастырды, жауапкершілікке баулыды, жақсы мен жаманды ажыратуға, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеуге, өмірде өз орнымызды табуға жол көрсетті. Ол жылдары интернет те, жасанды интеллект те болған жоқ, бірақ ұстаздарымыздың білімі терең, ойы биік, сөзі салмақты, өнегесі өмірлік еді. Сол кісілер берген тәлімнің арқасында біз орта және жоғары білім алып, әр салада еңбек еттік, отбасын құрдық, қоғамға өз үлесімізді қостық.

Уақыт өз ағысымен жылжи берді. Бір қарасақ, мектеп бітіргенімізге жарты ғасыр толыпты. 2016 жылы араға 50 жыл салып, Талдықорған қаласында 21 түлек бас қосып, сағынышқа толы кездесу өткіздік. Ол кездесу біз үшін жай ғана мерейтой емес, өткен өмірге бір сәт қайта оралу, балалық пен жастық шаққа іштей тағзым ету болды.

Өкінішке қарай, сол кезде 10 сыныптасымыздың өмірден озғанын жүрегіміз сыздап еске алдық. Олардың жарқын бейнесі, бірге өткізген күндері, сыныптағы орны, бала күнгі күлкісі бәріміздің жадымызда жаңғырып тұрды. Сол 50 жылдық кездесудің естелігі ретінде әрқайсымыздың өмір жолымыздан, отбасымыздан қысқаша мәліметтер жинақтап, арнайы журнал шығарып, оны туған мектебімізге құрметпен сыйға тарттық. Сол кезде жүректен шыққан:

*«Білімнің алтын ордасы,*
*мақтанышым – мектебім,*
*Жарты ғасыр өтсе де,*
*есімнен еш кетпедің.*
*Ізгі ниет, құрметтің жоралғысын*
*қабыл ал,*
*50 жылда бас қосқан түлектерден*
*естелік»*

– деген жыр жолдары біздің мектепке деген шынайы алғысымыздың белгісі болды.

Міне, содан бері тағы он жыл өтті. 2026 жылы Талдықорған қаласында 60 жылдық кездесуімізді өткіздік. Бұл жолы 13 түлек қайта қауыштық. Алпыс жыл - бір адамның ғұмырына татитын ұзақ уақыт. Бірақ сол күні біз өзімізді қайтадан баяғы мектеп партасында қатар отырған оқушылардай сезіндік. Әр жүзде жылдардың ізі, әр дауыста өмірдің салмағы, әр көзқарâста сағыныш бар еді. Бір-бірімізге қарап, уақыттың қалай өткеніне таңғалдық, бірақ көңілдің қартаймайтынын, шынайы достықтың үзілмейтінін тағы бір мәрте түсіндік. 50 жылдық кездесу сағыныштың мерекесі болса, 60 жылдық басқосу ризашылықтың, сабырдың, өмірге деген құрметтің мерекесі болды.




Біз бұл күні ұстаздарымызды ерекше ілтипатпен еске алдық. Әсіресе қолымызға алғаш қалам ұстатып, білімнің алғашқы жолына бастаған, бүгінде тоқсан жастан асқан ардақты қариямыз Керімбаева Нағима апайдың есімі бәріміз үшін бөлек қадірлі. Алғашқы ұстаздың орны қашанда ерекше: ол баланың қолына қалам ғана ұстатпайды, жүрегіне сенім ұялатады, көкірегіне жарық сәуле түсіреді. Бізге білім берген, өмірден өткен дана ұстаздарымыздың рухына бас иіп, арамыздан кеткен сыныптастарымызды да сағынышпен еске алдық. Жылдар бізді әр тарапқа тарытқанымен, мектеп деген қасиетті ұғым бәрімізді бір арнаға қайта тоғыстырды.



*Батима мен Келеке*

60 жылдық кездесуге қатысқан түлектер: Алтынбекова Жамал, Мырзахметова Сайлау, Бижанова Сара, Өмірбекова Бәтима, Байжуманова Нұрқатипа, Сырлыбаев Төребек, Сатаева Рыздық, Амреева Келеке, Сүйінов Балхаш, Махатов Нұрбай, Ержанова Майра, Байгутдинов Марат, Смаилова Мәкира.

Осы қуанышты жүздесуге сыныптастарымыздың өмірлік жарлары да қолдау білдіріп келіп, кездесудің жылылығын арттыра түсті. Жанымыздан табылып, ортақ қуанышымызға серік болған Сағи, Жексембай, Қайныш, Макура, Қаламқас, Зағира, Гүлмайраға шын жүректен алғыс айтамыз. Өмірдің ұзақ жолында бір-біріне сүйеу болып, қуаныш пен қиындықты бірге бөліскен жарлардың бүгінгі басқосуға қатысуы бұл кездесудің мәнін одан әрі тереңдете түсті. Себебі алпыс жылдық ғұмыр белесінде тек сыныптастық достық қана емес, әр түлектің отбасы, өмірлік серігі, ұрпағы мен жақындарының да орны ерекше екені анық сезілді.

Бүгінгі басқосуда ортамызда отырған әр түлекпен бірге, көзге көрінбесе де көңілде жүрген аяулы достарымыздың рухы да бірге болғандай сезілді. Рухы жадымызда сақталған аяулы түлектер: Алмабеков Өмірғалық, Әбдіқұлов Мәлік, Даутбаев Төлеген, Әбдинов Өтеген, Бұғыбаев Отарбай, Жүнісов Несіпбай, Садықов Болат, Жапсарбаев Сембек, Ахметов Тоқтар, Ахметов Сағади, Құттыбаев Меңіс, Шаяхметов Әділхан, Сыдықова Рысбала, Үсенова Дәнипа, Райымбекова Харифа, Қалдыбаева Сәндібала, Жұмабаева Рысалды, Оразгалиева Нұргүл.

Алтын ұя мектебімізге деген алғысымызды, ұстаздарымызға деген құрметімізді, қатар жүрген достарымызға деген сағынышымызды мына жолдармен жеткізгіміз келеді:

*Дарытқан бойымызға адалдықты,*
*Үйреткен ізгілікті, саналылықты,*
*Алтын ұя мектебім, білім ордам,*
*Бұл жалғанда бар ма екен, сенен мықты?*
*Өтіп кетті-ау өмірден дана ұстаздар,*
*Бірге жүріп бір өскен талай достар.*
*Бас иеміз еске алып рухтарына,*
*60 жылда бас қосқан арда жандар.*
*Өкінбейік жастықтың өткеніне,*
*Есік қағып қарттықтың жеткеніне,*
*Бұл жалғанмен қоштасып талай жандар,*
*Қайта оралмас мекенге кетпеді ме?!*

Бүгінгі кездесу бізге тағы бір ақиқатты ұқтырды: адам өмірінде байлық та, атақ та, қызмет те, уақыт та өте көмескіленуі мүмкін. Бірақ балалық шақтың ізі, ұстаздың өнегесі, мектептес достардың орны ешқашан өшпейді. 60 жыл өтсе де, біздің жүрегімізде Жамбыл атындағы орта мектептің жарығы сөнген жоқ. Ол - біздің алтын бесігіміз, алғашқы армандарымыздың қуәсі, өмір жолымыздың бастауы.

# ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ



**Байжұманова Нұрқатипа**
**Қаратал ауданы,Тастөбе ауылы,**
**Жамбыл мектебінің 1966 жылғы түлегі**

**Мектеп табалдырығын ең алғаш аттағандағы «Алғашқы қоңырау» және мектептен сені үлкен өмірге шығарып салғанда естілетін «Соңғы қоңырау» үні ерекше ғой. Ол кезде қазіргідей электроқоңырау емес, қолыңа алып сыңғырлататын жез қоңырау мектептегі өміріңнің басты белгісі. Ол қоңырау сенің мектептегі өміріңнің басты серігі. Он жыл бойы сабақ қоңыраумен басталып, қоңыраумен аяқталады. Мектеп – білім бұлағы, оқы, үйрен, ұмтыл алға! – деген белгі сияқты. Мына өлең жолдары да мектептің мағынасын тереңдете түскендей:**

***Мектеп деген білім кені, жыр кені***
***Мектеп деген ғылымның ең үлкені!***
***Мектеп деген тәрбиеші адамға,***
***Мектеп деген даналардың мекені!***

Біздің мектепте оқыған жылдарымыздағы ең басты мақсат – білім алу болатын. Әр баланың сауатты болуы – бұлжымас қағида еді. Біздің кезімізде білім саласындағы реформалар дәл қазіргідей жиі өзгермейтін. Біздің ұстаздарымыз өте білімді адамдар еді. Терең білімді деп айта алам. Өйткені олардың берген сабақтары біздің бала көңілімізге терең қонып, білсек деген ынтамызды арттыра түсетін. Біз расымен де оқитынбыз, тіпті таласып оқитынбыз деп айтсам – өтірік болмас. Қазір ойлап отырсам, сол 45 минуттың ішінде мұғалімдеріміз бізден үй тапсырмасын сұрап та үлгереді, жаңа тақырыпты түсіндіріп те үлгереді, жаңа тақырыпты кім қалай түсінді немесе түсінбеді – соны да пысықтап үлгеретін. Қандай біліктілік десеңізші!

Үлгерімі нашар оқушылар үшін қосымша сабақтар өтетін. Репетитор дегенді білмеппіз. Тіпті біздің кезімізде, ұят болса да айтайын, үлгерімі нашарларды екінші жылға қалдыратын. Қазір де бар ғой нашар оқитындар , бірақ қалай нашар оқыса да мұғалім өзін қорғау үшін екінші жылға қалдырмайды қазір. Бағасын көтеріп қоя салады. Ал үлгерімі нашарлар жақсы оқитындармен қатар класстан класқа көшіп отырады...

Біздің кезімізде ұстаздарымыз бізге білім беріп қана қоймай темірдей қатал тәртіпті талап ететін. Есімде қалғаны бастауыш класстарда класста бұзық болған балаларды бұрышқа тұрғызып қоятын.

Есімде қалған тағы бір сәт. Математика сабағы басталар кезде бәріміз бірігіп, классты әбден шаңдаттық.Ондағы мақсатымыз – шаң болса сабақ өтпейтін шығар, бізді мұғалім далаға жіберетін шығар дедік. Ағайымыз қоңыраудан кейін класқа кіріп, шаңды көріп бізге қарады да ұрыспай жай ғана «класстан шықпай отырыңдар!» деп өзі шығып кетті. Біз болсақ өзіміз жасаған шаңды жұтып отыра бердік... Қатал тәртіп деген осы шығар.

Бастауыш класста үлгілі оқушыларды «октябренок» қатарына, орта класстарда – пионер қатарына, жоғары класстарда комсомол қатарына қабылдайтын. Бұл дегеніңіз де тәрбие мен тәртіп орнатудың бір жолы болса керек. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніненЛәтіп Ғисанов, география пәнінен Ырыстай, тарихтан Құдайберген, математикадан Махмұт сияқты ұстаздарымыздың бізге сіңірген еңбегі өлшеусіз. Мен сабақ үлгерімі жөнінен «ударница» болдым. Математика сабағын жақсы көретінмін.Ол да болса Махмұт ағайдың берген білімінің әсері болар... Әлі күнге дейін есімде – математикадан үй тапсырмасын шығара алмай,ызаланып далаға шығып, ақ қардың үстіне есебімді шимайлап отырып шығарып алғаным. Себебі үй тапсырмасын міндетті түрде орындауымыз керек – бұл тәртіп!








Нұрқатипа оқушы



Нұрқатипа жолдасымен

Біздің ұрпақ осындай тәрбие көрдік. Жоғарыда аттары аталған ұстаздарымыз біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Имандары салауат, жандары пейіштің төрінде болсын! Олардың бізге берген тәрбиесіне шексіз ризамын!

Біз мектепте жүргенде газет-журнал оқитынбыз. Ол кезде теледидар көп тарай қоймаған кез, радио тыңдайтынбыз. Жоғарғы класстарда «Білім және еңбек» деген журнал болды, орта класстарда «Қазақстан пионері» деген газет болды, бәрін оқымасақ та, шамамыз келгенше оқуға тырысатынбыз. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, қазіргі балаларда ғаламторды шарлап кететін, жасанды интеллектіні пайдаланатын мүмкіншілік көп, бірақ тәрбие жағы осалдау сияқты маған.

Біз мектепті бітірген жылы туған бала қазір 60-қа келді. Зымырап өткен уақыт! Біз болсақ жетпістен асып, сексенге кеттік. Мектеп бітірген соң білім алып, мамандық иесі атанып, Алматыдағы «Рахат» фабрикасында зейнетке шыққанға дейін жұмыс істедім. Зейнетке шыққан соң қазір жер шарын аралап, туристік сапарда жүремін. Қайда жүрсем де туып-өскен ауылым, оқыған мектебімді, білім берген ұстаздарымды, тай-құлындай ойнақтап бірге өскен құрбы-құрдастарымды, бірге оқыған класстарстарымды ешуақытта ұмытқан емеспін. Көңіліміз әлі баладай. Кездесе қалсақ, бір-бірімізді көрсек баяғы класста отырғандай шуылдап кетеміз. Бәріміз бір ауылдың баласы болған соң ба, ынтымағымыз жақсы. Жатырқау деген жоқ, қайта бір-бірімізді іздеп отыратын болдық. Тіпті егделенген жасымызды да ұмытып кетеміз. Бәрімізге Жаратушы берер қуаты таусылмасын! Балалар мен немерелімізді өсіріп, шөберелірімiздің жетістіктерін көрер күндер алда болсын! Ең бастысы заман тыныштығын берсін деймін!



Нұрқатипа лайнердің ішінде



Нұрқатипа лайнерде

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 22 (1285) 05.06.2026 Алатау

ҚОРШАҒАН ОРТА

# МАРАЛ – ТАБИҒАТТЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

**Қазақстан – табиғаты бай, жануарлар дүниесі алуан түрлі ел. Солардың ішінде сымбатымен, сұлулығымен ерекшеленетін жануарлардың бірі – марал.**

Бұл әдемі жануар ұлттық мәдение-тімізде де ерекше орын алады. Алайда соңғы жылдары маралдардың саны күрт азайып, оларды қорғау қоғам алдында тұрған өзекті мәселеге айналды. Марал – бұғы тұқымдасына жататын ірі тұяқты аң. Еркектерінің үлкен, бұтақталған мүйізі бар, ал ұрғашылары мүйізсіз келеді. Маралдар орманды, далалы және таулы аймақтарда тіршілік етеді. Қазақстанда негізінен Шығыс Қазақстан, Жетісу, Тянь-Шань өңірлерінде кездеседі. Маралдың жас мүйізі өте тез өсетінін, құрамында медицинада пайдаланылатын құнарлы заттар бар. Марал мүйізі – сүтқоректілер арасында ең тез өсетін сүйек. Бір маусым ішінде ол күніне 2 сантиметрге ұзарады, ал бір жылда бір метрден асуы мүмкін!

Маралдың мүйізі (панта) көктемде шығып, маусым-тамыз айларында жетіледі. Бұл кезеңде браконьерлік қаупі артатындықтан, орман қоры алқаптары мен қорықтарда арнайы рейдтер күшейтіліп, мемлекеттік инспекторлар мен құқық қорғау органдары бірігіп қорғау шараларын жүргізеді.

Жетісу облысы бойынша маралдың мүйізі жетілу мерзіміне сәйкес, мемлекеттік орман қоры алқаптарында маралдарды браконьерліктен қорғау мақсатында қосымша іс-шаралар жүргізілуде.

Бекітілген жоспар бойынша «Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі жедел қызмет» КММ, құқық қорғау органдары, Жетісу облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекция қызметкерлерімен бірлесіп, марал мекендейтін алқаптарда тексеріс рейдтері жүргізіледі.

Бүгінде маралдардың саны азайып келеді. Бұған себеп – браконьерлік. Браконьерлік – маралдарды мүйізі мен еті үшін заңсыз аулау. Кейбір дәстүрлі медицинада марал мүйізіне сұраныс жоғары. Табиғи орта өзгерісі – ормандардың кесілуі мен ауыл шаруашылығы жерлерінің ұлғаюы маралдардың мекендеу аймағын тарылтты. Климаттық өзгерістер – құрғақшылық, қардың аз түсуі сияқты табиғи факторлар маралдардың қоректенуіне және көбеюіне кері әсер етеді.

Марал – тек экологиялық емес, мәдени және рухани маңызы зор жануар. Оны сақтау – келер ұрпаққа таза табиғатты, биологиялық әртүрлілікті жеткізудің кепілі. Әрбір азамат маралды қорғауға өз үлесін қоса алады – бұл тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барлығымыздың ортақ міндетіміз.

**С.РАХИМБЕРГЕНОВ,**
**«Қапал орман шаруашылығы» КММ-сінің аңшылық маманы**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

# ТАҒЗЫМ ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында арнайы еске алу іс-шарасы өтті.

Жиналғандар нәубет жылдары жазықсыз жапа шеккен азаматтардың рухына құрмет көрсетіп, оларды бір минут үнсіздікпен еске алды. Шара барысында тарихи оқиғалардың сабақтастығы, өткеннен тағылым алу және ұлттық бірлікті нығайтудың маңызы сөз болды.

Іс-шараның мақсаты – халқымыздың тарихындағы ауыр кезеңдерді ұмытпай, тарихи сананы қалыптастыру және жас буынға өткеннің тағылымын жеткізу.

# БАЛАЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы Әйелдер кеңесі Жаркент қаласындағы балалар үйінде мерекелік іс-шара өткізді.

Мереке аясында тәрбиеленушілер үшін қызықты ойындар мен көңілді бағдарламалар ұйымдастырылып, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйланды. Сондай-ақ, оларға арнайы сыйлықтар тарту етіліп, ізгі тілектер жолданды. Іс-шараның басты мақсаты – балаларға шаттық сыйлап, қоғамдағы мейірімділік, жанашырлық және қамқорлық құндылықтарын дәріптеу болды.

САУАЛҒА ЖАУАП

# АРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ ҚАШАН ҚОСЫЛАДЫ?

Талдықорғандағы Қаратал шағын ауданында арық желілері қашан іске қосылатыны жайлы оқырмандар тарапынан бізге сұрақ келіп түскен болатын.

Осыған байланысты қала әкімдігінің баспасөз қызметінен нақтылау жасадық. Алынған мәліметке сәйкес, Қаратал шағын ауданындағы арық желілері 10 маусым күні қосылады деп жоспарланған.

Тұрғындар үшін маңызды саналатын бұл мәселе сол күні шешімін таппақ.

БІЛІМ

# AI SANA – ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҚҚА БАСТАР МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

***Бүгінгі таңда жасанды интеллект технологиялары қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Оның мүмкіндіктері білім беру, ғылым, медицина, экономика және шығармашылық салаларда кеңінен қолданылуда. Осы өзгерістер аясында жастардың цифрлық құзыреттілігін дамыту және жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру ерекше маңызға ие болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, AI SANA жобасы жастардың заманауи технологияларды меңгеруіне бағытталған өзекті бастамалардың бірі.***

Қазақстанда жасанды интеллектіні дамыту мәселесіне мемлекеттік деңгейде ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында цифрлық технологияларды дамыту мен жасанды интеллектіні енгізудің стратегиялық маңызын бірнеше рет атап өтті. Бұл бағыт жоғары білім беру ұйымдарына жаңа міндеттер жүктейді. Өйткені қазіргі студенттер еңбек нарығында сұранысқа ие болу үшін кәсіби біліммен қатар цифрлық технологияларды да еркін меңгеруі қажет.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде де білім алушылардың инновациялық ойлауын дамытуға және цифрлық технологияларды қолдану мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Университет студенттері жасанды интеллект құралдарын оқу тапсырмаларын орындауда, ғылыми ақпараттарды талдауда, мәтіндік және графикалық материалдар әзірлеуде, сондай-ақ шығармашылық жобаларды жүзеге асыруда белсенді пайдаланып келеді. Бұл олардың кәсіби даярлығын жетілдіруге және жаңа технологияларға бейімделуіне мүмкіндік береді.

AI SANA жобасы аясында өткізілген іс-шаралар мен шығармашылық байқаулар студенттердің жасанды интеллектке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Әсіресе «AI SANA Жетісу университеті студенттерінің көзқарасымен» атты конкурс жастардың технологиялық сауаттылығын ғана емес, олардың шығармашылық әлеуетін де көрсетуге мүмкіндік берді. Байқауға ұсынылған жұмыстар студенттердің жаңа цифрлық мүмкіндіктерді меңгеруге ұмтылысын және жасанды интеллект құралдарын түрлі салада қолдана алатынын көрсетті.

Жасанды интеллект адам мүмкіндігін алмастыратын құрал емес, керісінше оның білім алуына, зерттеу жүргізуіне және жаңа идеяларды жүзеге асыруына көмектесетін технология. Сондықтан оны тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалану мәдениетін қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Қазіргі таңда әлем цифрлық трансформация кезеңін бастан кешіруде. Мұндай жағдайда болашақ мамандардың ақпаратпен жұмыс істеу, деректерді талдау және инновациялық технологияларды қолдану дағдылары ерекше маңызға ие. AI SANA жобасы осы талаптарға сай келетін жаңа буын өкілдерін қалыптастыруға бағытталған тиімді бастама деп айтуға болады.

Қорытындылай келе, AI SANA жобасы студенттердің цифрлық мәдениетін дамытуға, олардың ғылыми ізденістерін қолдауға және шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Жасанды интеллект технологияларын дұрыс пайдалану жастардың кәсіби және тұлғалық дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Сондықтан мұндай бастамалар еліміздің интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға және болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға қызмет етеді.

**А.БАРАКОВ,**
**І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Дене шынықтыру және өнер факультетінің оқытушы-ассистенті**

ӘЛЕМ КЕРЕМЕТІНЕН

# АНД ТАУЛАРЫНДАҒЫ ЖҰМБАҚ ҚАЛА

**Әлемде адамзат тарихы мен мәдениетінің ұлылығын көрсететін көптеген тарихи ескерткіштер бар. Солардың ішінде ерекше орын алатын нысандардың бірі – Мачу-Пикчу. Бұл ежелгі қала өзінің құпиялы тарихымен, ерекше сәулетімен және табиғаттың ғажайып көріністерімен миллиондаған адамдарды таңғалдырып келеді. Сондықтан да Мачу-Пикчу әлемнің ең танымал туристік орындарының бірі әрі адамзат өркениетінің баға жетпес мұрасы.**

Мачу-Пикчу Оңтүстік Америкадағы Перу мемлекетінің аумағында, Анд тауларының биік жоталарында орналасқан. Қала теңіз деңгейінен шамамен 2430 метр биіктікте орналасып, айналасын биік шыңдар мен ну ормандар қоршап жатыр. Оның атауы жергілікті кечуа тілінен аударғанда «Кәрі шың» деген мағынаны білдіреді.

Тарихшылардың пікірінше, Мачу-Пикчу XV ғасырдың ортасында инктер империясының билеушісі Пачакутек тұсында салынған. Қала инктердің маңызды діни, саяси және мәдени орталықтарының бірі болған деп есептеледі. Алайда XVI ғасырда испан жаулаушылары Оңтүстік Америкаға келгеннен кейін бұл қала біртіндеп бос қалып, уақыт өте келе ұмытылған.

Бірнеше ғасыр бойы Мачу-Пикчу туралы әлем жұртшылығы білмеді. Тек 1911 жылы американдық зерттеуші Хайрам Бингем жергілікті тұрғындардың көмегімен бұл көне қаланы қайтадан әлемге таныстырды. Оның зерттеулері нәтижесінде Мачу-Пикчу археология саласындағы ең маңызды жаңалықтардың бірі ретінде мойындалды.

Мачу-Пикчудың ең басты ерекшелігі – оның сәулет өнері. Қала жүздеген тас құрылыстардан тұрады. Инктер тастарды бір-біріне соншалықты дәл қиюластырғандықтан, олардың арасына тіпті пышақтың жүзі де сыймайды. Ең қызығы, құрылыс барысында цемент немесе басқа да байланыстырғыш материалдар қолданылмаған. Бұл инк инженерлерінің жоғары деңгейдегі білімін дәлелдейді.

Қала аумағында храмдар, тұрғын үйлер, қоймалар және ауыл шаруашылығына арналған террасалар орналасқан. Әсіресе Күн храмы ерекше назар аударады. Инктер күнді қасиетті күш ретінде танып, оған табынған. Сондықтан бұл ғимарат олардың діни өмірінде маңызды рөл атқарған. Сонымен қатар қаладағы бақылау алаңдары мен астрономиялық құрылымдар инктердің аспан денелерін зерттеуде айтарлықтай жетістікке жеткенін көрсетеді.



Мачу-Пикчу тек тарихи маңызымен ғана емес, табиғи сұлулығымен де әйгілі. Қала орналасқан аймақ жасыл өсімдіктерге, сирек кездесетін жануарлар мен құстарға бай. Таңертең тауларды қалың тұман басып, көне қаланы ерекше көрініске бөлейді. Осы әсерлі табиғат көрінісі туристер мен фотографтардың қызығушылығын арттыра түседі.

1983 жылы Мачу-Пикчу ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді. Ал 2007 жылы ол әлемнің жаңа жеті кереметінің қатарына қосылды. Бұл мәртебе оның тарихи және мәдени құндылығын халықаралық деңгейде тағы бір мәрте дәлелдеді. Қазіргі таңда Мачу-Пикчуға жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен миллиондаған турист келеді. Алайда келушілер санының артуы ескерткіштің сақталуына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан Перу үкіметі мен халықаралық ұйымдар тарихи нысанды қорғау және болашақ ұрпаққа жеткізу бағытында түрлі шаралар жүргізіп келеді.

Мачу-Пикчу – ежелгі өркениеттің ұлылығы мен адам еңбегінің керемет үлгісі. Оның жұмбақ тарихы, қайталанбас сәулеті және таңғажайып табиғаты адамдарды әлі күнге дейін таңдандырып келеді. Бұл көне қала өткен мен бүгінді байланыстыратын ерекше көпір іспетті. Сондықтан Мачу-Пикчу адамзаттың мәдени мұрасы ретінде әрдайым құрметтеліп, сақталуы тиіс.

**Алиса ЕСЕНБЕКОВА,**
**ЖУ студенті**

## Бейсенбі - Четверг, 11 маусым

### ХАБАР

05.00, 00.45 Т/х «Так не бывает»
07.00 «Оян!»
09.00 «Жер жаһан»
09.15 Пульс планеты
09.30 «Неосеть»
10.00Т/х «Әшрефтің арманы»
12.00 Т/х «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Турбозавры»
15.15 Х/ф «Отпетые мошенницы»
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Байдың қызын аламын»
21.30 Сборник «Ковер шоу»
22.00 Кешрек
23.00 «План Б»

### ЕВРАЗИЯ

6.00 Паутина
7.25 Жаңалықтар
7.30 «Koremiz- шоу»
8.30 Новости
8.45 «Жить здорово!»
9.40 Жаңалықтар
9.55 «Модный приговор»
10.45 Новости
10.55 «Давай поженимся!»
11.55 «Зовите Ермолова-3» Т/с
13.05 «Принц Сибири» Т/с
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 Қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 Көреміз шоу
20.00 «Главные новости»
20.35 Т/с «Улицы разбитых фонарей-14»
01.05 Главные новости
01.45 «Потерянная жизнь»
2.50 Басты жаңалықтар
3.15 «Ойнамақ»
3.45 Паутина

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар(қайталау)
7.30 «Әнім сен едің»
8.20 «Өмір-сынақ» Т/х
9.50 Вечерние новости
10.30 Т/с «Последнее лето»
12.20 Т/с «Пустые города»
14.30 Т/с «Клан ювелиров»
16.30 Т/с «Дворняжка Ляля»
18.30 «Однажды в Чукурова» Т/с
20.30Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Клан ювелиров»
23.40 Т/с «Пустые города»
01.40 Т/с «Дворняжка Ляля»
03.10 Т/с «Последнее лето»
04.45 «Өмір-сынақ» Т/х (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар(қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.35 К/ф «Біздің үйдің кварфиранттары» 3-бөлім
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Келін BATTLE» /тікелей эфир/
14.20 «19 аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Агро аймақ»
15.35 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Мектеп президенті»
17.00 «Әу» де» /тікелей эфир
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Қарындас»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Президент архиві»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Вкус жизни»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Қожайынның балалары»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

### 31 КАНАЛ

06.00,04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информ бюро(каз,рус)
08.00,03.00 Тикток шоу
08.30 М/с«Аватар: Легенда об Аанге»
09.00 М/с«Губка Боб»
10.10 М/с«Пингвины Мадагаскара»
11.00 М/с«Кунг-фу Панда»
11.50 «Стюарт Литтл-2»
13.20 «Плохие парни навсегда»
15.50 «Ларго Винч:Начало»
18.00 «Лара Крофт: Расхитительница грабниц»
21.00 «Ларго Винч-2: Заговор в бирме»
23.20 «Морской пехотинец-6:Ближний бой»
01.10 «31 әзіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.20,05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Бала батл

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Тойхана»
06.22 «Ауыл дәрігері»
07.00,22.00Т/х «Үзілген жапырақтар»
09.00, 23.30 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
10.00,21.00 «Далекий город»
11.00, 16.00 «Пингвиненок Пороро» М/сл
13.00 «Қайсар жүрек» Т/х
14.00 «Тақиясыз періште» Т/х
16.30 «Ну, погоди!» М/сл
17.00,18.30,01.45 ТелеТ/с
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
20.00 «Ветренный» Т/с
00.45,04.55 Жаңалықтар
01.15,05.20 Новости
02.45 Гүл-гүл шоу
03.25 Жарқыраған жұлдыз
04.05 Жұлдызды шаңырақта

## Жұма - Пятница, 12 маусым

### ХАБАР

05.00, 01.00 Т/с «Так не бывает»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер-жаһан
09.15 Пульс планеты
10.00 Т\х «Әшрефтің арманы»
12.00 Т\х «Келінжан»
13.00 «ОйнаlQ»
14.00 М\с «Турбозавры»
15.15 Х\ф «План Б»
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.00 Кино «Ағашки по вызову»
21.30 кино «Ағашки по вызову-2: Начало»
23.00 Х\ф «Прибытие»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «П@утина»
07.25, 09.40, 14.10 Жаңалықтар
07.30 «Koremiz show»
08.30, 10.45, 14.25 Новости
08.45 «Жить здорово!»
09.55 «Модный приговор»
10.55 «Давай поженимся!»
11.55 Т/с «Зовите Ермолова!-3»
13.05 Т/с «Принц Сибири»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Парламент online»
20.55 «Поле чудес»
22.25 Х/ф «Улицы разбитых фонарей-14»
02.50 Басты жаңалықтар
03.15 «Қаймақ»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әнім сен едің»
08.20 Т\х «Өмір-сынақ»
09.50 Вечерние новости
10.30 Т/с «Последнее лето»
12.20 Т/с «Пустые города»
14.30 Т/с «Клан ювелиров»
16.30 Т/с «Дворняжка ЛЯЛЯ»
18.30 Т/с «Однажды в Чукурова»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Изгой. Отцы»
01.00 Т/с «Дворняжка ЛЯЛЯ»
02.30 Т/с «Последнее лето»
04.00 Т\х «Өмір-сынақ»
05.20 Кешкі жаңалықтар
05.45 «Әнім сен едің»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.20 К/ф «Ақылдылар ойыны» 1-бөлім
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Әу» де»
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «DARA LINE»
14.30 «Айтыс»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Қожайынның балалары»
17.00 «Бір шәугім шай»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Мақсатына жеткендер»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.00 «Жетісу жақұты»
19.35 «102» сообщает»
20.00 «Әсем әуен»
20.05 Д/ф «Ғалымның хаты»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Бауырластық»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Келін BATTLE»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00. 20.00 Информбюро
08.00, 01.40 «31 Әзіл»
09.00 М\с «Аватар: Легенда об Аанге»
09.30 М\с «Губка Боб»
10.30 М\с «Пингвины Мадагаскара»
11.00 М\с «Кунг-фу Панда»
11.30 Х\ф «Стюарт Литтл»
13.20 Х\ф «Ларго Винч-2: Заговор в Бирме»
15.50 Х\ф «Лара Крофт: Расхитительница гробниц - Колыбель жизни»
21.00 Х\ф «Поймай меня, если сможешь»
23.50 Х\ф «Несчастный случай»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 әзіл»
04.30 «Bala BATTLE»

### 7 КАНАЛ

06.02 Т\х «Тойхана»
06.220Т\х «Ауыл дәрігері»
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
09.00, 23.30 Т\х «Тәуіп Хо Жун»
10.00, 17.00, 18.30, 01.45 ТелеТ/с
11.00, 16.00 М\с «Пингвиненок Пороро»
13.00 Т\х «Қайсар жүрек»
14.00 Т\х «Тақиясыз періште»
16.30 М/с «Ну, Погоди»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
19.30 Новости. Прямой эфир
20.00 Т/с «Ветренный»
21.00 Т/с «Далекий город»
00.45, 04.55 Жаңалықтар
01.15, 05.20 Новости
02.45 « Гүл-гүл шоу»
03.25 «Жарқыраған жұлдыз»
04.15 «Жұлдызды шаңырақта»

## Сенбі - Суббота, 13 маусым

### ХАБАР

05.00, 00.00 Т/с «Так не бывает»
07.00 «Алғашқы»
08.00 Концерт. Заттыбек Көпбосынұлының жеке шығармашылық кеші
09.30 «Балам үшін»
10.00 М\ф «Трио в прерьях-2»
10.25 М\ф «Мармадюк»
11.15 М\с «Турбозавры»
11.45 Х\ф «Прибытие»
14.00 «XXI ғасыр көшбасшысы»
15.15 «Қызық times»
16.30 Т\х «Келінжан»
18.20 Шәмішбай Сариевтің 80-жылдығына арналған «Атамекен-ай» концерті
20.00 «Cover show»
22.00 Х\ф «Колдунья»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «П@утина»
06.50 Главные новости
07.25 «Парламент Online»
07.55 Х/ф «Назад к счастью»
10.05 Т/с «Последняя электричка»
15.00 «QOSLIKE»
17.45 Х/ф «Родной-2»
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.35 «Заң мен ел»
21.00 Х/ф «Соната для горничной»
01.25 Х/ф «Выше неба»

### КТК

07.05, 04.40 «Әнім сен едің»
08.20, 00.40 К\ф «Демек сүйесің»
09.50 Вечерние новости
10.30 Т/с «Изгой. Отцы»
14.00 Т/с «Однажды в Чукурова»
19.00, 02.00 «Мұхтар Ханзада» шығармашылық кеші
21.00 Т/с «Мелодия для двоих»
03.30 «КТК қоржыны»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.20 К/ф «Ақылдылар ойыны» 2-бөлім
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 «Әсем әуен»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.35 «102» сообщает»
15.00 «Аман болайық»
15.40 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Ел жақта»
17.00 «Шашу»
17.40 «Ауылдан адам көшкенмен...»
18.00 «Абадан»
18.20 «Тарихнама
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Әу» де»
19.50 «Кешірілмес қате»
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта» (қаз)
21.30 «Апта» (рус)
22.30 Д/ф «Бағбан»
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00 «Күлiп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.20 М\с «Аватар: Легенда об Аанге»
09.10 М\с «Пингвины мадагаскара»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 МЭКСономика
10.50, 11.20 «Алдараспан»
11.00 Саумал
12.30 Х\ф «Ва-банк»
14.30 Х\ф «Лови волну»
16.10 Х\ф «Артур и минипуты»
18.10 Фэнтези «Хоббит. Пустошь Смауга»
21.20 Х\ф «Мстители. Война бесконечности»
00.20 Х\ф «Несчастный случай»
02.20 «31 әзіл»
03.30 «Time Vine»
04.00 «Тамаша Live»
04.40 «Әзіл студио»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

### 7 КАНАЛ

06.02 Әзілің жарасса
07.00, 22.00 Т\х «Үзілген жапырақтар»
09.00 М\с «Пингвиненок Пороро»
10.00 ТелеТ/с
13.00 «Жетінші студия»
14.00 «Алдараспан»
17.00 Золотая коллекция «СоюзмультХ/фа»
17.50 Х\Ф «Невпопад»
20.00 Т/с «Ветренный»
21.00 Т/с «Далекий город»
23.30 «Шымкент-шоу»
01.40 «Гүл-гүл шоу»
03.30 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
04.20 Жұлдызды шаңырақта
05.00 Қызықты weekend

## Жексенбі - Воскресенье, 14 маусым

### ХАБАР

05.00, 23.15 Т/с «Так не бывает»
07.00 «Алғашқы»
08.00 «Отаным десем...» Досымжан Таңатаровтың концерті
09.30 «Азамат»
10.45 «Өмір өрнегі»
12.00 Х\ф «Колдунья»
14.00 М\ф «Реальная белка»
15.15 Т\х «Келінжан»
18.20 Несіпбек Айтұлының 75-жылдығына арналған «Дариға-дәурен» еске алу кеші
20.00 «Қызық times»
21.15 Х\ф «Белые цыпочки»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «П@утина»
06.45 «Асау жаңалықтар»
07.20 Заң мен ел
07.50 Т/с «Дела житейские-2»
11.35, 15.10 Т/с «Последняя электричка»
14.00 «Говорим о главном»
20.00 «Аналитика»
20.50 «Анықтаймыз» Руслан Өтепбаймен
21.50 Т/с «Цвет липы»
02.25 «Что?Где?Когда?»

### КТК

07.05 «Мұхтар Ханзада» шығармашылық кеші
80.30, 01.00 Ә\ф «Бір сүйдің құны»
10.20 Т/с «Мелодия для двоих»
14.00 Т/с «Однажды в Чукурова»
18.20, 02.40 «Шәмші әндерінің кеші»
21.00 «Реальная мистика»
03.30 «КТК қоржыны»
04.50 «Әнім сен едің»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (қаз)
10.00 «Апта» (рус)
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.00 «Шашу»
11.35 «Жетісу әуендері»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «DARA LINE»
12.45 «Әсем әуен»
13.40 «Дала сыры»
14.00 «Келін BATTLE»
16.15 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Культура чистоты»
17.00 «Шашу»
17.40 «Агро аймақ»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Бір шәугім шай»
20.35 «Әсем әуен»
21.00 «Үгеғәй melody»
22.00 «Әсем әуен»
22.30 Д/ф «Fake You»
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Әзіл студио»
07.00, 01.00 «31 әзіл»
07.30 «Тәтті шоу»
08.00 М\с «Аватар: Легенда об Аанге»
08.50 М\с «Губка Боб»
09.20 «Готовим» с Адель
10.00 «TeleBingo»
10.30, 03.30 «Time Vine»
10.40 МЭКСономика
10.50 «Күлiп All»
11.00 Саумал
11.20, 03.00 «TikTok show»
11.30 Х\ф «Артур и минипуты»
13.30 Фэнтези «Хоббит. Пустошь Смауга»
16.40 Х\ф «Мстители. Война бесконечности»
19.40 Х\ф «И целого мира мало»
22.10 Х\ф «Поймай меня, если сможешь»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «BALA BATTLE»
04.30 «What's up?»
05.30 «Ризамын»

### 7 КАНАЛ

06.02 Әзілің жарасса
07.00, 22.00 Т\х «Үзілген жапырақтар»
10.00 ТелеТ/с
13.00 «Жетінші студия»
14.00 Х\ф «Жених с того света»
15.00 «Алдараспан»
16.10 Х\ф «Невпопад»
18.20 Х\ф «Станция судьбы»
20.00 Т/с «Ветренный»
21.00 Т/с «Далекий город»
23.30 «Шымкент шоу»
01.30 «Гүл-гүл шоу»
02.30 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
03.20 «Жарқыраған жұлдыз»
04.10 «Жұлдызды шаңырақта»
05.00 Қызықты weekend

# КАК БУДУТ КРЕМИРОВАТЬ КАЗАХСТАНЦЕВ

**В АЛМАТЫ СОСТОЯЛОСЬ ОФИЦИАЛЬНОЕ ОТКРЫТИЕ ПЕРВОГО В КАЗАХСТАНЕ КРЕМАТОРИЯ. ОН РАСПОЛОЖЕН В АЛАТАУСКОМ РАЙОНЕ, В МИКРОРАЙОНЕ АЛГАБАС, РЯДОМ С ПАТОЛОГОАНАТОМИЧЕСКИМ БЮРО. КОРРЕСПОНДЕНТ ИА «NEWTIMES.KZ» ВЫЯСНИЛА, КАК ПРОХОДИТ ПРОЦЕСС КРЕМАЦИИ, А ТАКЖЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЯМ КАКИХ РЕЛИГИЙ ЭТА ПРАКТИКА ЗАПРЕЩЕНА.**




Первый в Казахстане крематорий официально открылся 30 апреля. Принимать заявления начнут с 4 мая. Точный адрес: 7-я улица, дом 131.

**График работы:**

- с понедельника по пятницу – с 08:00 до 17:00, с 13:00 по 14:00 – обед;
- суббота – 09:00 до 14:00, воскресенье – выходной.

Все начинается с того, что в здание заезжает автомобиль с телом умершего, гроб переносят на медицинскую каталку и везут в специальный зал с холодильными установками (температура +4). Всего



в нем 48 мест. До момента кремации тело остается там. Дату тем временем обговаривают с родственниками усопшего. Перед кремацией тело





отправляют в секционный зал для санитарной обработки тела – там покойника омывают, одевают. Если имеется кардиостимулярный аппарат, его обязательно вынимают, так как с ним в печь нельзя.

После санитарной обработки гроб с телом переносят в прощальный зал. Там родные и близкие могут проститься. Гроб ставят в центре на постамент. После этого тело отправляется на кремацию. По словам директора Ардака Алишева, кремация – не принудительный процесс, это альтернатива погребению.

Там используются печи – чешского производства, температура в них составляет **800-1100 градусов**, для достижения температуры нужно **до 35 часов.**

«Сама печь работает на природном газе. Кремация занимает около **двух часов**. Биологические ткани – как мягкие, так и костные – полностью превращаются в прах. Исключение составляют крупные кости, такие как тазовая кость и основание черепа: они выгорают, но частично сохраняют свою структуру. По истечении двух часов, после остывания, прах помещают в кремулятор – специальный сосуд, куда добавляются шары; с их помощью в процессе центрифугирования остатки измельчаются до порошкообразного состояния», – рассказал Алишев.

Прах выдают родственникам либо временно хранят в крематории – сроки заранее согласовываются с семьёй. Стоимость услуги составляет **240 тысяч тенге**.

«Согласно законодательству Казахстана, развеивание праха запрещено – его можно только захоронить. В дальнейшем у нас планируется строительство колумбария. Дома, думаю, тоже можно хранить», – сообщил спикер.

Для кремации тела необходимо исключительно **письменное нотариально заверенное при жизни изъявление человека.** Желание родных или близких после смерти не является основанием. При этом кремация несовершеннолетних запрещена. Гроб, к слову, должен быть только из дерева.

Кремировать покойных в алматинском крематории **могут и иностранцы –** для них цены и условия не будут меняться. Учреждение может принимать до 16 тел в день. Для соответствующего **заявления нужны следующие документы:**

- согласие покойного, нотариально заверенное при жизни;
- документы, удостоверяющие личность;
- свидетельство о смерти человека (после вскрытия и установления точной причины смерти).

## ОТНОШЕНИЕ К КРЕМАЦИИ В РЕЛИГИЯХ

На официальном сайте ДУМК говорится, что **в исламе кремация запрещена,** так как считается нарушением святости человеческой жизни. «По законам Ислама, тела мусульман не подлежат кремации. Это противоречит святости человеческого бытия. В Коране Бог говорит, что вознес человека над другими творениями», – гласит статья. Кремация издревле широко практикуется в буддизме. В **христианстве**, особенно в православии, сожжение тела покойного **считается нежелательной, но не является строгим грехом** или препятствием для отпевания, если выбор сделан вынужденно. Церковь традиционно настаивает на погребении тела в землю, символизирующем ожидание воскресения, однако допускает сожжение, если иное невозможно (медицинские причины, отсутствие мест). В **иудаизме** позиция такая же.

## МНЕНИЯ ЛЮДЕЙ РАЗДЕЛИЛИСЬ

**Когда впервые пошел разговор о кремации вместо захоронения, не сказать что, начался ажиотаж, но тема кремации горячо обсуждалась не только среди алматинцев но и среди моих знакомых, живущих в Талдыкоргане.**

**Әбдіхалық:** *– Я студент, живу в Алматы, но корни мои в Талдыке. Я – за кремацию вместо захоронения. Алматинцев можно понять. Город разрастается, земли мало для многомиллионного города. У меня мама пока молодая. Я ей открыто говорю: мама, когда придет время и ты уйдешь от нас, сдам тебя на кремирование в Алматы, прах положу в кубок и буду хранить его в комнате. Поставлю кубок с твоим прахом на шкаф и буду разговаривать с тобой, когда мне будет плохо...*

**Мама Әбдіхалықа:** *– Я не боюсь кремации. Пусть будет так, как решит мой сын.*

**Лена:** *– Захоронения христиан сейчас стал недешевым ритуальным процессом. Хотя у казахов оно дороже обходится, чем у христиан. Расходы большие. Я похоронила родителей и знаю эти расходы. У меня отец казах, мать немка. Поэтому знаю казахскую пословицу: өлім байдың малын шашады, кедейдің артын ашады... А вот во сколько обходится кремация? Цены мы пока не знаем. Я думаю, что кремация тоже недешевое явление.*

**Сабит:** *– Каждый решает сам – кремация или похороны. У кого-то религиозные убеждения, у другого – больше практицизма. А что дешевле – мы этого тоже пока не знаем. Когда будем знать, что цены кремации дешевле обойдутся, чем похороны – тогда и решим что делать со своим телом. А пока давайте не будем думать о смерти...*

**Кстати, как сообщает сайт «Астана ТВ», на их запрос о тарифах кремации сообщает ЛАЙЛА ИМАНГАЛИЕВА, заместитель руководителя УОЗ города Алматы:** В настоящее время продолжается процедура утверждения прайс-листа на услуги кремации через наблюдательный совет Городского патологоанатомического бюро Алматы. Информация о тарифах и порядке предоставления услуг будет опубликована на официальном сайте Городского патологоанатомического бюро Алматы. В акимате подчеркнули, город продолжает расширяться, а кладбища постепенно заполняются. И в этих условиях кремация рассматривается только как одна из альтернатив захоронения и, естественно, не является обязательной мерой.

На сегодня крематорий очень важный объект для большого города. В строительство объекта вложено 1,5 миллиарда тенге. В настоящее время в Алматы 70 кладбищ, из них 61 уже закрыли. Работоспособность крематория – 16 тел ежедневно – **передаёт Centralmedia24.**

# ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫҢ НЕГІЗІ - МАТЕМАТИКА

**БҮГІНГІ ҚОҒАМДА МАТЕМАТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ БҰРЫНҒЫДАН ДА АРТЫП КЕЛЕДІ. САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ДАМЫҒАН ЗАМАНДА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАЙ АЛАТЫН, НАҚТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙТЫН, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ – БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ. ОСЫ БАҒЫТТА ZHANSUGUROV COLLEGE ҰСТАЗДАРЫ САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҰШТАСТЫРА ОТЫРЫП, СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕДІ.**

Математика – тек есеп шығаратын пән ғана емес, ол адамның ойлау қабілетін дамытатын, шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелейтін ғылым. Колледж қабырғасында білім алып жүрген студенттер математиканы меңгеру арқылы талдау жасауға, салыстыруға, жүйелі ойлауға үйренеді. Бұл қабілеттер олардың болашақ маман ретінде қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Бүгінде математика сабақтарында дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар цифрлық технологиялар, интерактивті платформалар және практикалық тапсырмалар кеңінен қолданылуда. Мұндай тәсілдер студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың тиімділігін күшейтеді. Әсіресе өмірмен байланысты есептер мен логикалық тапсырмалар білім алушылардың белсенділігін дамытады.

Zhansugurov College оқу орнында білім сапасын арттыру, шығармашыл әрі бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Колледж оқытушылары әр студенттің қабілетін ашуға, олардың болашаққа сенімді қадам жасауына қолдау көрсетеді.

Қазіргі таңда математикалық сауаттылық – заман талабы. Сондықтан жас ұрпақтың білімге деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлауын дамыту және сапалы білім беру – әр ұстаздың басты мақсаты. Осы жолда колледж оқытушылары өз тәжірибесі мен кәсіби шеберлігін ұштастырып, білім беру ісіне үлес қоса береді.

Сонымен қатар, Zhansugurov College студенттері математика пәні бойынша түрлі олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларында белсенділік танытып, жүлделі орындарға ие болып келеді. Білім алушылардың жетістіктері – оқытушылар еңбегінің және жүйелі дайындықтың нәтижесі.

Колледж студенттері облыстық, республикалық деңгейдегі интеллектуалдық сайыстарда өз білімдерін дәлелдеп, оқу орнының мәртебесін көтеруде.Атап айтқанда, «Зияткер ұрпақ – елдің ертеңі» атты жалпы білім беретін пәндер бойынша математика пәнінен олимпиадаға қатысып колледж студенттері: Лаптева Анна I орын, Балхаш Амина II орын, Сәлім Ақберен II орын иегерлері атанып, және де Zhansugurov College Жалпы білім беру пәндер айлығында ұйымдастырылған колледжішілік олимпиадасында Мақсатқызы Мөлдір, Балхаш Амина, Абрахман Әділхан I орын иеленді.

Мұндай жетістіктер жастардың математика пәніне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың болашақ маман ретінде қалыптасуына үлкен мотивация береді. Оқытушылардың басты мақсаты – студенттердің сапалы білім алуына жағдай жасап, әр білім алушының қабілетін дамыту. Бүгінде колледж білімгерлері тек білімде ғана емес, түрлі ғылыми және зияткерлік бағыттарда да жоғары нәтижелер көрсетіп келеді.

**А.К.МОЛДАГАЗЫЕВА,**
**А.С.ОСПАНОВА**
**«Zhansugurov College»-нің математика пән оқытушылары**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТҮСІНІГІ – ӨЗІНІҢ ПАЙДАСЫ ҮШІН ПАЙДАЛАНУДЫ БІЛДІРЕТІН ТЕРМИН. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ, ЕЛІМІЗДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІНЕ, АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНА ЕЛЕУЛІ НҰҚСАН КЕЛТІРЕТІН ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС. ОСЫНДАЙ ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ, ОНЫ ҚОҒАМЫМЫЗҒА ЖАТ ҚЫЛЫҚ РЕТІНДЕ АШЫП КӨРСЕТУ, ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕСУ – БАРШАМЫЗ БОЛЫП ЖҰМЫЛАТЫН МАҢЫЗДЫ ІС.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Жемқорлық – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің асқынуына ұрындырады. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарап екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі, үлкен әлеуметтік қасірет. Ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Соның бірі елімізде 2015 жылы 18 қарашада қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы. Бұл заң аясында жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер және т.б. қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес елдің стратегиялық даму басымдықтарының бірі, сондай-ақ елдің қауіпсіздігі мен халықтың әл-ауқаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жүйелі әрі тиімді шараларын іске асыруға байланысты. Осы бағытта бірқатар міндеттер іске асырылуда.

**Л.ЖАПАШЕВА,**
**Талдықорған қаласының мамандандырылған Тергеу сотының бас маманы**

## ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ

# «ОСНОВЫ СБАЛАНСИРОВАННОГО ПИТАНИЯ: ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ КАЖДОМУ»

**Суть сбалансированного питания заключается в сохранении баланса.**

**Баланс – это уравновешенное соотношение элементов. Сбалансированное питание включает в себя уравновешенное, т. е. пропорциональное соотношение продуктов питания. Цель сбалансированного питания обеспечение организма всеми необходимыми для жизни питательными веществами. Для жизнедеятельности человеческого организма необходимы следующие основные питательные вещества – белки, жиры и углеводы. Также человеку необходимо употреблять достаточное количество воды. Эти питательные вещества должны быть представлены в определенном соотношении (баланс пропорций)**

Принципы сбалансированного питания для поддержания здоровья и жизненной энергии:

1. Баланс пропорций. Белки (10-20%): «строительный материал» для мышц и тканей (мясо, рыба, яйца, бобовые, творог). Жиры (10-15%): необходимы для усвоения витаминов и работы мозга (растительные масла, орехи, авокадо, жирная рыба). Сложные углеводы (50-60%): цельнозерновые крупы, овощи и бобы;
2. Баланс калорий. Калорийность вашего питания должна соответствовать энергозатратам (так, спортсмену нужно более калорийно питаться, чем человеку который ведет сидячий образ жизни);
3. Разнообразие продуктов. Употребление разных продуктов, что обеспечивает поступление разных витаминов и микроэлементов;
4. Умеренность. Избежать переедания поможет контроль порций.
5. Употребление достаточного количества воды. Рекомендуется пить около 30-35 мл воды на 1 кг веса в сутки. Н/р если ваш вес 60 кг, тогда это будет около 2 литров воды. Количество необходимой воды рассчитывается индивидуально. Зависит от вашего веса, также от состояния работы почек. Воду пить нужно регулярно. 3-4 раза в день исходя из общего рекомендуемого для вас объема воды.

«Правило тарелки»

Самый простой способ сбалансировать прием пищи без подсчета калорий – визуально разделить тарелку:

- 1/2 тарелки – овощи, зелень и фрукты (источники клетчатки).
- 1/4 тарелки – сложные углеводы (гречка, рис, макароны из тв. сортов пшеницы).
- 1/4 тарелки – белковые продукты (птица, рыба, нут).

Что стоит ограничить (не запретить, но ограничить):

- Добавленный сахар: около 50 г в день.
- Соль: рекомендуемая норма – одна чайная ложка в сутки.
- Ультрапереработанные продукты: фастфуд, колбаса и сладкая газировка содержат много «пустых» калорий.

# «ПИТАНИЕ ДЛЯ ЭНЕРГИИ И АКТИВНОЙ ЖИЗНИ: СОВЕТЫ НУТРИЦИОЛОГА»

Современный темп жизни требует от нас высокой активности, бодрости, энергичности. Важную роль в поддержании активного образа жизни играет наше питание. Продукты которые составляют наш ежедневный рацион, режим питания, количество пищи, и уровень физической активности. Для активного образа жизни необходимо придерживаться принципов сбалансированного питания, которое будет обеспечивать ваш организм необходимой энергией и ресурсами для восстановления. Сбалансированное питание не предполагает отказ от определенных продуктов. Оно предполагает полноценный рацион питания включающий в себя ВСЕ нужные компоненты в определенной пропорции:

1. Сложные углеводы – которые являются источником энергии. Лучше отдавать предпочтение цельнозерновым продуктам (крупы и макароны из муки твердых сортов, овощи, фрукты);

2. Белок – необходимый материал для поддержания тонуса мышц (мясо, рыба, молочные продукты);

3. Жиры, которые обеспечивают длительный запас энергии и поддерживают здоровье сердца, кожи, гормональный баланс и т.п. (это орехи, семечки, растительное масло, сливочное натуральное масло и т.п.). Необходимо помнить, эти продукты высококалорийны и важно употребление в ограниченных пропорциях (например, сливочное масло 20-30 грамм в день, 3-4 ореха в день и т.п.)

Продукты – суперфуды для бодрости: бананы, и другие фрукты, все ягоды, свекла, грецкие орехи, капуста (любая).

Питьевой режим – регулярное употребление чистой воды в зависимости от массы тела и потребности (1-2 литра в день).

Для того, чтобы не переедать возможны полезные перекусы (банан, яблоко, йогурт и т.п.).

Регулярный прием пищи, разнообразие продуктов.

Ограничение сахара и фастфудов. Такие напитки как кофе и чай можно употреблять в ограниченном количестве (2-3 чашки в день), потому что большое количество этих напитков истощают нервную систему

Обязательно включить в образ жизни ежедневные физические нагрузки подходящие для вас (бег, ходьба, утренняя физическая зарядка, плавание, танцы и т.п.).

МАМАН МІНБЕРІ

# ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

***Бүгінгі таңда елімiздің сот жүйесінде тергеу судьясының өкілеттіктері барынша кеңейтіле түскен. Сондықтан тергеу судьясының атқаратын қызметі мен міндеттері жайлы оқырманға қысқаша мағлұматтар ұсынып отырсақ артық болмас.***

Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 217-бабында тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою) көрсетілген. Осы баптың талаптарына сәйкес прокурор, тергеуші, анықтау органының бастығы, қорғалуға құқығы бар куә, күдікті, іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокат, сондай-ақ жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокат, егер жәбірленуші, куә адамнан сотқа дейінгі тергеп-тексеру не сот отырысы барысында неғұрлым кешірек жауап алу объективті себептерге (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұруы, шетелге шығуы, денсаулығының ауыр жағдайы, қауіпсіздік шараларын қолдану) байланысты мүмкін болмауы ықтимал деп пайымдауға негіз болған жағдайда, сондай-ақ психикасын жарақаттаушы әсер етуді болдырмау үшін кәмелетке толмаған куәлар мен жәбірленушілерден кейіннен жауап алуды болдырмау мақсатында тергеу судьясының олардан жауап алуы туралы өтінішхат беруге құқылы.

Тергеу судьясы өтінішхатты алынған кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде қарайды және оның нәтижелері бойынша өтінішхатты қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда, тергеу судьясы алғаш мүмкіндік болған кезде жауап алу уақытын тағайындайды. Бұл туралы прокурорға, қорғалуға құқығы бар куәға, күдіктіге және іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокатқа, сондай-ақ жәбірленушінің өкілі адвокатқа хабарланады. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысына осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалады және осы қаулы прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралады.

Тергеу судьясының жәбірленуші мен куәдан жауап алуы прокурордың, қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің (ол болған жағдайда), қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың, жәбірленушінің өкілі адвокаттың, ал қажет болған жағдайларда процеске басқа да қатысушылардың қатысуымен жүргізіледі. Егер қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің жауап алуға қатысуы жәбірленушінің, куәнің қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, олар жауап алуға шақырылмайды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде адамдардың сот отырысына қатысу үшін келуін қамтамасыз ету тергеу судьясына өтініш мәлімдеген адамдарға жүктеледі.

Жауап алынатын адамның тергеу судьясы сақтауға қойған айғақтары тіркелген сот отырысының хаттамасына судья мен сот отырысының хатшысы қол қояды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде болған процеске қатысушылар сот отырысы хаттамасының көшірмесін алуға және оған қол қойылғаннан кейін бес тәулік ішінде өз ескертулерін келтіруге құқылы. Тергеу судьясы хаттамаға ескертулерді келіп түскен күні қарап, олардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы қаулы шығарады.

**Айнұр ЕСТАЙ,**
**Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы**

АЛАЯҚТЫҚ

# АҚЫРЫН ЖҮРІП, АҢДЫП БАССАҢЫЗ...

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Шектен шыққан алаяқтар ұлттық қауіпсіздігімізге шындап қатер төндіруге айналды... Біздің азаматтарымыз алаяқтардың құрбаны болып жатыр. Көптеген адам адал еңбекпен тапқан табысынан айырылуда. Алдауға сеніп, қылмыстық қаржы операцияларының қақпанына түсіп жатыр. Әлемде иммиграциялық алаяқтық та қатты ушығып тұр. Еуропа мен АҚШ-та не болып жатқанын баршаңыз көріп-біліп отырсыздар. Бұл мәселе біздің еліміз үшін де өзекті... Экономикалық немесе әлеуметтік саладағы алаяқтық қылмыстарға қарсы күресті күшейту қажет» деп қадап айтқан болатын.**

Сондықтан қазіргі таңда еліміздегі алаяқтық қылмыспен ымырасыз күрес жүргізу мақсатында пәрменді шаралар қабылданып, іске асырылып жатыр. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін бірер мысал келтірейік. Мәселен, кейінгі жылдары қарапайым азаматтарды қан қақсатып, табан ақы маңдай терімен тауып, жинақтаған тиын тебендерінен алаяқтардың алдауымен айырылып қалып жатқан өкінішті оқиғалар көбейіп кеткені құпия емес. Міне, осындай келеңсіз көріністердің жолын кесу үшін 2025 жылдың 16 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне дропперлік үшін жауапкершілікті қарастыратын жаңа 232-1-бабы енгізілді. Банк шотына, төлем немесе сәйкестендіру құралдарына заңсыз қол жеткізу, оны беру немесе алу, сондай-ақ заңсыз төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру, оның ішінде материалдық сыйақы үшін үшінші тұлғаларға банк картасын беру әрекеттері дропперлік болып саналады.

Бұл әрекет интернет-алаяқтықтың негізгі әдістерінің бірі және ұрланған қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыру мен шығару үшін қолданылады. Іс-әрекеттің ауырлығына, сипатына және алынған пайда мөлшеріне қарай 232-1-бап айыппұлдан бастап, мүлікті тәркілей отырып 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады. Аталған норма кибералаяқтыққа қарсы жүйелі күресті, азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін нығайтуды және цифрлық ортада әрекет ететін қылмыстық топтардың қызметін тоқтатуды көздейді.

Азаматтық-құқықтық жағы да бар. Сот мұны негізсіз баю деп танығандықтан дропперлерден қолма-қол алған ақша сомасын толықтай өндіреді де, бәрін жапа шеккендерге төлеуге мәжбүрлейді. Онымен қоса, сізді банктің «қара тізіміне» қосып қоюы мүмкін, салдары – есепшот ашылмайды, бөліп төлеу мен кредит берілмейді және жалпы банк көрсететін қызметтің бәрін тоқтатып тастай алады.

Сондықтан ешқашан және ешкімге картаңызды, ЖСН, есепшотыңызды пайдалануға бермеңіз. Кез келген «картаңа қабылдап, аудара салшы – өзіңе де алып қал» сияқты ұсынысты қатарға тарту деп қабылдаңыз. Дропперлік – бұл қылмыс екенін, «оңай ақша» еркіндік пен барлық жиғаныңыздан айыруы ықтимал екенін, заңды білмегендік жазадан құтқармайтынын естен шығармаңыздар. Ұлы Абай айтқандай «ақырын жүріп, аңдып бассаңыз...» заңның ала жібін аттамай, ешқандай шырғалаңға ілінбейсіз.

**Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,**
**Текелі қалалық сотының судьясы**

БІТІМГЕРШІЛІК

# МЕДИАЦИЯ ТӘЖІРИБЕСІ - ТАБЫСТЫ

***Қазіргі кезде тараптардың арасындағы кикілжіңді ушықтырмай шешуде медиацияны қолданудың тиімділігі зор екенін тәжірибе көрсетіп келеді. Бұған қазір көптеген дау дамайлар медиация жолымен шешімін таба бастағаны айқын дәлел болса керек. Ал, медиация жайлы тағы да тоқтала кетсек артық болмас. Медиация деген атауы өзгеше болғанымен, татуласу, дауды өзара келісіммен шешу тәжірибесі қазақтың құқықтық кеңістігінде бұрыннан бар.***

Соның арқасында қазақ даласында ешқашан түрме болмаған. Тентегін тобықтай бір ғана сөзбен тоқтата білген халық екеніміздi мақтанышпен айтамыз. Алайда, кеңестік дәуірдің құқықтық ұстанымы, заңы басқа болды. Ол тұста даулардың бәрі тек сот арқылы шешілетін. Сол тәртіпке үйренген жұртшылық медиация, тараптардың татуласуы деген түсінікті бірден қабылдай қойған жоқ. Халыққа медиацияның пайдасын, уақыт, қаржы жағынан ыңғайлы екенін түсіндіру үшін кешенді жұмыстар қолға алынды. Судьялар медиацияның мәнін, шетелдердегі озық тәжірибесін таныстыру мақсатында көптеген дәрістер ұйымдастырып, қабылдаулар өткізді. Бүгінде сот әуресінен қашып, мәселесін мәмілемен шешетіндер саны артып отыр.

Медиация – дауларды шешудің балама жолы. Бұл тәсіл алпауыт елдерде ертеректе қалыптасқан және заңдастырылған. Жалпы, медиация әдісі дүниежүзінде 20 ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Медиация тез әрекет етеді, бюрократиялық емес, уақытты, ақшаны, жүйке жүйесін үнемдейді. Оның басты ерекшелігі – медиаторлар («mediare» – делдалға дейін) шешімдерді әзірлеуге көмектеседі, онда жеңімпаздар мен жеңілгендер болмайды; шешімдер олардың орындалуын қамтамасыз ететін тараптардың толық келісімі бойынша қабылданады. Медиация дауларды мәдениетті реттеуге, келіссөздер технологияларын жетілдіруге, даулардың бейбіт жолмен шешілуіне ықпал етеді. Бейтарап үшінші тараптың рөлінде медиаторлар – тіпті даулар мен жанжал жағдайында да тыныштықпен жеңуге көмектеседі, ең жақсы және тиімді жолды іздейді.

Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі.

Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принципін ұстануға міндетті. Медиацияға бар болғаны 30 күн уақыт беріледі, ал соттар айларға, тіпті жылдарға созылады.

**Аян ҚАСЕНОВ,**
**Талдықорған қалалық сотының аға сот приставы**

МАМАН МІНБЕРІ

# САНАҢЫЗҒА САҚТАП ЖҮРСЕҢІЗ...

**Кей адамдар күтпеген жерден құқық бұзушылық әрекеттерін жасағанын білмей де, сезінбей де қалып жүрген сәттерді күнделікті жұмыс кезінде кездестіріп жататыным құпия емес. Мұндай жағдай әрине қарапайым азаматтардың арасында ұшырасады. Осындай айыптылар қылмыстық іске қатысты жауап алу кездерінде «мен бұл заңсыз екенін білмедім» деп ақтала сөйлейді. Алайда, болар іс болып, бояуы сіңгеннен кейін, заңсыз әрекеті үшін тиісінше жауапқа тартылады. Ендеше, оқырмандарға осы шағын мақаламызда қылмыс туралы әңгіме өрбіте кетуді жөн көрдік.**

Жалпы қылмыс дегеніміз – адам әрекетінің бір түрі. Қылмыс – Қазақстан Республикасының қылмыстық заңына сәйкес, жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздік. Қылмыстық жаза – сот үкімімен қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаға қатысты Қылмыстық кодексте белгіленген аталған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын айыруға немесе шектеуге бағытталған мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы.

«Заңды білмеу жауаптылықтан босатпайды», деген қағиданы жұрттың бәрі біле бермеуі де мүмкін. Сондықтан, өкінішке қарай, ақырын жүріп, аңдып басқан да заң талабын білмегендіктен күтпеген жерден опық жеп қалатындай жағдайға душар болуыңыз ғажап емес. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы. Кейбіреу заң талаптарын қасақана бұзатын болса, енді біреулері білместіктің салдарынан бұзуға мәжбүр болады. Кейде сондай білместікпен қылмыс жасауға дейін барады...

Мәселен, екі немесе одан да көп адамның қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады. Бірігу қылмысқа қатысудың объективтік белгісі ретінде бірнеше адамдардың өз күштерімен бірлесіп әрекет жасауын білдіреді, олардың барлығы өз күштерін біртұтас қылмыстық нәтижеге қол жеткізуге бағыттайды. Қылмыстық нәтижеге қол жеткізу үшін күштерін біріктіргенде, қатысушылардың бірі қылмыстың объективтік жағын орындайды, ал басқалары қылмысты оңдағыдай жасауға және оны жасыруға барлық қажетті жағдайларды жасауға көмектеседі. Бірікken әрекеттер арқылы қол жеткізілген нәтиже барлық қатысушылар үшін біртұтас, ортақ бөлінбейді. Тек қасақана жасалған қылмыстардың ғана қылмысқа қатысы болуы мүмкін, ал қылмысқа қатысушы барлық адамдар қасақана түрде әрекет етеді.

Қылмысқа қатысушылардың рөліне байланысты, оларды орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші деп бөледі. Орындаушы – бұл нақты қылмыс құрамының объективті жағынан кіретін әрекеттерді толықтай немесе ішінара орындайтын адам. Ұйымдастырушы – қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам. Ұйымдастырушы ретінде көбіне нақты қылмыстарды тікелей жасаудан қашатын ең тәжірибелі, қауіпті қылмыскерлер болады.

Сайып келгенде, құқықтық сауатыңызды арттырып, қарапайым қағидаларды санаңызда сақтап жүрсеңіз өкінішті оқиғаларға тап болмайсыз.

**Айнұр ТОХТЫБАКИЕВА,**
**Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы**

ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

# ЖЕТІСУЛЫҚТАР ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ТҰҒЫРЫНДА

**Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, Вьетнамда өткен 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы (U23) Азия чемпионатында Жетісу өңірінің балуандары жоғары деңгейде өнер көрсетіп, ел қоржынын жүлдемен байытты.**

Атап айтсақ, боз кілемде бағы мен бабы қатар шапқан грек-рим күресінен Жеңіс Ерасыл (87 кг) салмақта белдесіп, тек қана алтын медаль үшін ақтық айқаста ғана қарсыласына жол беріп, Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Сүйсінерлігі сол, жетісулық балуан жартылай финалда осы салмақ дәрежесі бойынша чемпиондық атаққа бірден бір үміткер үнді балуанын айқын басымдылықпен мерзімінен бұрын тізе бүктірген еді. Әттең, финалдық белдесуде жерлесімізге сәттілік серік болмады.

Еркін күрестен бәсекеге түскен жігіттеріміздің арасында қос балуанымыз жүлдегерлер тұғырына көтерілді. 86 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Абылайхан Үзембаев қарсыластарын алып та жығып, шалып та шығып ақтық белдесуге алқынбай жетті. Әсіресе,


*Ильфат Абдуллин*

ол жартылай финалда Оңтүстік Кореяның үкілі үміт артқан боз кілем шеберін 11:1 есебімен ойсырата жеңіп, жанкүйерлерін желпіндіріп тастады. Өкінішке қарай, шешуші белдесуде қарсыласына сәл ғана




ұпай айырмашылығымен басымдық беріп қойды. Сөйтіп, Абылайхан да Азияның күмісін қанағат тұтты. Сонымен қатар, тағы бір жетісулық балуан Шаттық Алайдар Моңғолия мен Өзбекстаннан келген мықты балуандарды жеңіп, қола медальды




қоржынға салды.

Словенияның Камник қаласында садақ атудан «Veronica's Cup» халықаралық турнирі өтті. Дәстүрлі бәсекеге биыл 30-ға жуық мемлекеттен 330-дан астам мерген қатысты. Ересектер санатында Қазақстан




команда қос жүлдеге қол жеткізді. Классикалық садақ атудан ерлер арасындағы финалда жетісулық Ильфат Абдуллин Үндістан спортшысы Сачин Гуптаны жеңіп, алтыннан алқа тақты.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – БАРШАҒА!

# АУЫЛ СПОРТЫНЫҢ АХУАЛЫН АРТТЫРУҒА АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫЛУДА

***Спорт сүйер қауым Кербұлақ ауданында халықаралық, құрылықтық және әлемдік деңгейдегі байрақты бәсекелерде еліміздің намысын абыроймен қорғап, көк туымызды көкке желбіретіп жүрген шебер спортшылар аз емес екенін жақсы біледі. Солардың қатарында «Жетісу барысы» турнирінде жеңімпаз атанған Садуақас Бекарыс, Азия және әлем чемпионатының жүлдегерлері Зере Талғатқызы, Арнұр Қуатай, Дузасу Дулат, Айсұлу Алшынбай, Диана Батырханова, Жанель Набиева, Әнел Қайратқызы, Айбек Айтбеков және басқаларының есімдерін ерекше мақтанышпен айтуға болады. Осыған байланысты әңгімені ауданның спорттық тыныс-тіршілігін жандандыру жолындағы жорықтың белортасында жүрген, ауыл спортының ахуалын жақсартуға бағытталған шараларды ұйымдастыруға атсалысып, өткізіліп жатқан іс шараларды көзімен көріп, көңіліне тоқып жүрген азамат Кербұлақ аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Нұрлан Қанатұлы ҚАЛИМОЛДАЕВТЫҢ өз аузынан естігенді жөн көрдік.***

Ауданымызда спорттың әр түрі бойынша жоғары жетістіктерімен, көтеріңкі көрсеткіштерімен көзге түсіп жүрген спортшылар жетіп артылады. Жалаң сөзге ғана сілтеме жасап қоймай, орайы келіп тұрғанда қазіргі кезде топжарып жүрген сондай саңлақтардың бірнешеуінің жетістіктеріне тоқтала кетейік. Мәселен, самбошы қызымыз Зере Талғатқызы Ташкент қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы самбо күресінен Азия чемпионатының жеңімпазы, Алматы қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы дзюдодан Бекет Махмұтовты еске алуға арналған Азия кубогының қола жүлдегері, Индонезияның Джакарта қаласында өткен дзюдодан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының қола жүлдегері. Анталияда (Түркия мемлекеті) өткен дзюдодан жасөспірімдер арасындағы Европа кубогінің жеңімпазы, Азербайжан Республикасының Гянджа қаласында өткен дзюдодан жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында Еуропа кубогінің жеңімпазы болып табылады. Тағы бір самбошымыз Арнұр Қуатай Ташкент қаласында өткен самбо күресінен ерлер және әйелдер арасындағы Азия чемпионатының жеңімпазы, Тәжікстан мемлекетінің Душанбе қаласында спорттық және жауынгерлік самбодан Әлем кубогінің жеңімпазы. Ал Дулат Дузасу – Испания мемлекеті Мадрид қаласында өткен комбат джиу-джитсудан әлем біріншілігінің жеңімпазы атанса, Айсұлу Алшынбай Ташкент қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы самбо күресінен Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанған.

Сондай-ақ, Диана Батырханова, Жанель Набиева, Әнел Қайратқызы, Айбек Айтбеков сияқты балуандарымыз ел чемпионатында күрестің әр түрі бойынша жүлделі орындарға ие болып жүр.

Өткен жылы ауданымызда бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын орнықтыру жолында бірнеше спорттық іс-шара өткізілді. Мәселен, дәстүрге айналған балуандардың күші менептілігін, нағыз ер жігітке тән қайсарлықты көрсететін «Кербұлақ барысы» турнирі өткізілді. Жарысқа әр ауылдық округтен қатысқан балуандар өз шеберліктерін көрсетті. Жеңімпаздар лайықты марапатталып, облыстық деңгейде өткізілетін жарысқа жолдама алды. Сәйкесінше, облыстық деңгейге жолдама алған балуан ауданымыздың мақтанышы Садуақас Бекарыс «Жетісу барысы» турнирінде жеңімпаз атанды. Халықаралық дәрежедегі Қазақстан Республикасының спорт шебері Бекарыстың есімі спортсүйер қауымға кеңінен танымал болса да ол туралы қысқаша мағлұматты оқырмандар назарына ұсына кетсек артық болмас. 25 жасар Бекарыс Садуакас республикамыздың маңдайалды дзюдошысы. Ол 2018 жылғы жасөспірімдер Олимпиадалық ойынының чемпионы, 2023 жылғы Бүкіләлемдік Универсиаданың қола жүлдегері атанған.

Ауыл азаматтары арасында бұқаралық спортты кеңінен өрістетіп, қолжетімді спорт түрлерімен шұғылдануына мүмкіндік туғызып, кеңінен тарту мақсатында бірқатар жарыстар ұйымдастырылып келеді. Мәселен, ардагерлер арасында аудандық дойбы жарысы ұйымдастырылып өткізілді. Аталған іс-шараның басты мақсаты – ардагерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, зияткерлік спорт түрлерін дамыту және аға буын өкілдерінің қоғамдық белсенділігін арттыру болды. Жарысқа ауданның әр ауылдық округтерінен келген ардагерлер өзара бақ сынасты. Жарыс қорытындысы бойынша үздік ойыншы ардагерлер анықталып, арнайы дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Аудан тұрғындары арасында марафон ұйымдастырылып өткізілді. Марафонға аудан тұрғындары, жастар, ардагерлер, мекеме қызметкерлері мен спорт сүйер қауым белсенді түрде қатысып, жоғары белсенділік танытты. Марафон қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар арнайы дипломдармен, медальдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Биылғы жылды да аудан спортшылары жоғары жетістіктермен атап өтуде. 2026 жылдың 29-31 қаңтар күндері Сарқан ауданында шаңғы жарысынан Жетісу облысының чемпионаты өткізіліп, ауданымыздың намысын қорғаған спортшыларымыз жалпы командалық есепте жүлделі II















орынды иеленіп қайтты.

Наурыз мейрамын атап өту мақсатында Талдықорған қаласында жыл сайын ұйымдастырылатын Ұлттық ат спорты түрлерінен (көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу) ересектер арасында Жетісу облысының чемпионаты өткізіліп, ауданымыздың намысын қорғаған спортшыларымыз жалпы командалық есепте жүлделі І орынды иеленді.

2026 жылғы аудандық деңгейде өткізілген спорттық іс-шараларға тоқталып өтетін болсам, Қоғалы ауылдық округі, Тастыөзек ауылында қыстық спорт түрлерін, оның ішінде шаңғы спорт түрін дамытып, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ерлер және әйелдер арасында шаңғыдан аудандық жарыс өткізілді.

Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету мақсатында волейболдан аудан тұрғындары арасында аудандық жарыс ұйымдастырылды.

Қоғалы ауылында табиғаттың ғажайып сұлулығын, қыстың қайсар мінезі мен тылсым көркін дәріптейтін «Қыс өрнектері – 2026» мерекесінде шаңғы жарысы, бағанаға өрмелеу сынды жарыстар өткізіліп, қазақы тазы мен төбет көрмесі ұйымдастырылды.

Әйелдер арасында волейболдан Халықаралық әйелдер күніне орай аудандық жарыс ұйымдастырылды. Жеңімпаздар арнайы бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Аудандық Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын тойлау барысында Сарыөзек ауылы орталық алаңда асық ату, қошқар көтеру қол күрес және қазақша күрестен спорттық ойындары өткізілді. Бұл спорттық ойындарға тұрғындар белсенді қатысып, жеңімпаздар арнайы бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, аталған мерекеде Ұлттық ат спорты түрлерінен облыстық деңгейде жеңімпаз атанған көкпаршыларымыз аудан әкімінің алғыс хатымен және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Осылайша, ауданымызда ауылдың спорттық ахуалын арттыруға айрықша назар аудара отырып, бұқаралық спорттың кеңінен өріс алуына жағдай жасайтын іс шараларды алдағы уақытта да ұйымдастыра бермекпіз.

**Нұрлан ҚАЛИМОЛДАЕВ,
Кербұлақ аудандық
ішкі саясат, мәдениет,
тілдерді дамыту және спорт
бөлімінің бас маманы**

**Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің мәліметтері бойынша дайындалды.**

**Бетті дайындаған Ш. ХАМИТОВ**

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН

# ЕЖЕЛГІ СӘН ӘЛЕМІНДЕГІ БОЯУЛАР

***Сұлулық үшін құрбандыққа барған халықтар мен әйгілі тұлғалар аз емес... Ерін далабы пайда болғанға дейін, қыз-келіншектер кошениль атты пастаны қолданған. Бояу өзі жасалатын жәндіктің атымен аталады екен. Алғашқы далаптың өзін осы жәндіктен жасаған. Тағы білгіңіз келе ме?***



*Қытай, жапон және вьетнам арулары XX ғасырдың ортасына дейін тісін қара түске бояған екен. Бұл бояу өте улы болғанына қарамастан, тісте бірнеше жыл бойы сақталған.*

*Қабаққа арналған бояу алғашында медициналық мақсатта пайда болды. Ежелгі Мысыр тұрғындары оны конъюнктивит пен басыр атты көз ауруларынан сақтану үшін қолданған екен.*

*Орта Азияда бірімен-бірі қосылған қалың қас сұлулықтың белгісі болған. Сондықтан жастайынан қыздар қастарын усьмамен біркелкі қылып қосатын. Усьманың шаш өсуіне көмектесе алатын қасиетін білгендер осылайша қастың қалың болып өсуіне әсер ететін.*

*Ежелгі Мысырда қыздар шашының арасына май тілімдерін салып жүрген екен. Неге дейсіз ғой? Ыстық күннің астында май еріп, шаш біркелкі жылтыр болатын. Бір уақыттан кейін, Мысырда тіпті тақыр басты әйелдер сәннің нышанына айналды.*

*Көпшілік викингтерді кір, лас халық деп ойлайды. Алайда викинг сәнқойлары ашыған майды шаш сәндеу сұйықтығы ретінде қолданып, жарқын түсті киімдер киіп, ерекше әшекей бұйымдарын тағып, әдемі ішіктерді киген екен.*

*XVIII ғасырда еуропалық сұлу қыздар қасын түгелімен қырып алып тастап, оның орнына тышқан терісінен жасалған жасанды қас жабыстырған екен.*

*I Елизаветта бетін сірке суымен сүртіп, қорғасын бояуын жағып, бетіндегі шешек ауруынан қалған дақтарды жасырған. Бетін шәлімен жауып, көрілігін көрсеткісі келмеген екен.*

*Сұлулығына көп көңіл бөлетін қытайлық ер кісілер екен. Олар жасанды мұрт қойып, маңдайындағы шашын қырып, оны үлкен етіп көрсеткісі келген. Қытайлық жауынгер жігіттер қасына сүрме жағып, өз келбетіне қорқынышты көрініс бергісі келген деседі.*

**Ғаламтор желісінен алынды**




Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бакберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 545
Индекс 15534